Бесінші бағыт – Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие. Аталған бағытта 16 маңызы бар іс-шаралар жоспарланған. «Табиғат әлемін қорғайық», «Табиғат-тал бесігім», «Табиғатты қорғау, болашақты ойлау», «Табиғат және біз», «Ынтымақ еңбек келісім-ең басты байлық ел үшін» тақырыбындағы танымдық жұмыстар, сайыстар, 5-10 сынып оқушыларының (190 оқушы) тұлға ретінде өзін кәсіби анықтауына, саналы қарым-қатынасын қалыптастыруға, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамытуға бағытталған.

Алтыншы бағыт - Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие бағыты бойынша 15 жұмыс жоспарланған.

Білім беру ұйымдарының білім беру кеңістігін тұлғаның өзін-өзі сәйкестендіруінің көпмәдениетті ортасы ретінде құру, тұлғаның қоғамдағы жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, оның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамытуға бағытталған. Аталған бағытта 15 жұмыс жоспарланып, жүзеге

асырылған.

«Өнер – таусылмас қазына» (Сайыс сабақ), «Біз өнерлі жастармыз!» (Флешмоб), «Алтын күз – 2021» байқауы, «Гүлдердің-ғажайып әлемі», «Ғажайып сурет, көркем еңбек әлемінде», «Жәдігерлер сыр шертеді» Мұражайға саяхат, «Кел, Жаңа жыл, төріме!», «Екі жұлдыз» (Тәуелсіздікке – 30 жыл), «Қазақ әдеби тіл білімінің негізін қалаушы, ғалым, турколог, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсыновтың дүниеге келгеніне 150 жыл» мәнерлеп оқу сайысы, «Оқушы мен ұстаз мәдениеті» дөңгелек үстел, «Халықаралық кітап сыйлау» күні, «Арулар-асыл жандар» бейнеқұттықтау, «Ханшайым - 2022» қыз сыны байқауы, «8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай «Аналарды құрметтейік» мерекелік кеш, «Ал, қанекей қыздар!» байқауы, Шеберлер қаласы: ата-бабаларымыздың мұрасын сақтаймыз және көбейтеміз» (Өлкетану сәндік-қолданбалы шығармашылығы) байқаулары ұйымдастырылып, өткізілген.

Жетінші бағыт - Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі. Бұл бағыт бойынша 16 жұмыс жоспарланған.

«ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында «30 жылдыққа 30 кітап» оқырмандар сайысы, «Біз әлеуметтік желіні дұрыс пайдалана аламыз ба?» дебат, «Абайды оқы ерінбе!» мәнерлеп оқу сайысы, «Ы.Алтынсаринге – 180 жыл», «Ұлы дала Ұстазы» сайысы, «Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығына орай «Халық менің шын атым» өлеңдер жинағынан мәнерлеп жатқа оқу», «Қазақстанның дамуы жастар қолында» ток шоу, «Ең үздік – 30 Ұлан», «Жылдың үздік сыныбы» байқау, «Тәуелсіз елім – Қазақстаным» мәнерлеп оқу сайысы, «Бірге кітап оқиық!» эстафета, М.Мақатаевтың 90 жылдығына орай «Өмірдастан» жыр жинағы бойынша Мұқағали оқуларынан байқау «Kahoot» бағдарламасы арқылы интеллектуалды сайыс, «Өзінді тану – өмірді тану» пікірталас, «Қазақ ақыны, әдебиеттанушы, ғалым, түркітанушы, публицист педагог, аудармашы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына орай эссе», «Сыйынар ем - Ана деген тәңірге» акындар мүшайрасы, «Мамандықтың бәрі жақсы» (дөңгелек үстел) тақырыбындағы жұмыстар әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз еткен. Зияткерлік ойындар, байқаулар, тренингтер, ғылыми-практикалық конференциялар, ғылыми-тақырыптық ақпараттық жобалар, шығармашылық жұмыстар жүзеге асырылған.

Сегізінші бағыт - Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты бағыты бойынша 18 жұмыс жоспарланған. Салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін:

- «Үзілісте ойна, зерікпе, демал!» атты үзіліс кезіндегі дене тәрбиесі
- «Тоғызқұмалақ» (жарыс)
- «Бес тас», «асық ату»
- «Қыз балалардың жеке бас тазалығы»
- «Шахмат дау» (Тәуелсіздікке – 30 жыл)
- «Темекіге жол жоқ» акция
- «Сақ бол, отшашулар!», «Сақ болыңыздар, жаңа жылдық шарша!», «Үйдегі өрт қауіпсіздігі» қауіпсіздік туралы әңгімелер
- Қауіптердің алдын алу бойынша профилактикалық сабақтар
- 1 желтоқсан – ЖИТС-ға қарсы күрес күні,
- «Есірткіден аулақ бол» акция
- «Желтоқсан қаһармандарын еске алуға арналған мектепшілік спорттық жарыстар»
- «Қыс кереметтері» спорттық ойындар
- «Отбасылық эстафеталық ойындар » жарыс
- «Денсаулық – ең басты қажеттілік»
- Дүниежүзілік туберкулезбен күрес күніне орай «Айырмаймын десен...»
- «Ұлттық ойын – халық қазынасы» Қазақтың ұлттық ойындары
- 7 сәуір – Дүниежүзілік Денсаулық күніне орай «Дені сау ұрпақ – ел болашағы» мамандармен кездесуі
- «Дұрыс тамақтану-денсаулық кепілі» танымдық сабақтар ұйымдастырылды. Өткізілген әрбір іс-шара әлеуметтік желіде жарияланып отырған.

2021-2022 оқу жылында білім беру ұйымы «Құндылыққа негізделген тәрбие үдерісін модельдеу» жұмыс тұжырымдамасы бойынша жұмыс жасауда. («Құндылықтарға негізделген

білім беру» жобасы аясында)

Құндылыққа негізделген тәрбие үдерісін модельдеу жұмысының мақсаты: жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына жиган, айналасының амандығы мен төңірегін түгелдігін тілейтін, заман қажеттілігіне сай білім негіздерін игерген, дені және рухы сау ұрпақ тәрбиелеу. Аталған бағдарлама кезең-кезеңімен жүзеге асырылған.

Ұйымдастыру тобы құрылған;

Жоба бойынша таңдалған тақырыптар мектептің оқу-тәрбие жоспарында көрініс тапқан;

Ата-ана, оқушы пікірі ескеріліп, құндылық ар таңдалған.

Аталған жоба 4 негізгі бағытқа бөлінген:

- Салт-дәстүр сөйлейді (отбасы хрестоматиясы сериясымен жарық көрген кітаптар бойынша). Бұл бағыт бойынша 1-11 сынып оқушыларымен 6 мұғалім жұмыс жасауда.

- Ғибратты әңгімелер бағыты бойынша 5 мұғалім сыныптан тыс шаралар өткізген.

- Қазақ дүниетанымы бағытында 7 мұғалім жұмыс жасайды. Бұл бағыт бойынша түрлі танымдық іс-шаралар, театрландырылған қойылымдар сахналанған және әлеуметтік желіде ұдайы жарияланып отырды.

-Экософия бағыты. Бұл бағыт бірнеше бөлімге бөлінген. Табиғаттағы құстар, жануарлар, өсімдік, жәндіктер әлемі бойынша биология пәнінің мұғалімдері жұмыс жасауда.

Жыл басынан бері әр айдың құндылығы белгіленіп, сыныптарға хабарланып, құндылық аясында іс-шаралар ұйымдастырылды.

Мұғалімдер ұжымы оқушылардың өзін-өзі басқару жұмысына басты назар аударған. Өзін-өзі басқару ұйымы жоспары жасалып бекітілген.

Мақсаты : Еліміздің мүддесін ойлайтын, экономикалық бәсекелестікке қабілетті, білім мен өнерге құштар, елінің тарихын білетін, тілін, дінін, әдет-ғұрпын, салт-санасын қастерлейтін, еңбекқор да, салауатты, адами құндылықтар бойына қалыптасқан, әділетті, қайсартұлғаны өзін-өзі басқару арқылы қалыптастыру. Міндеті - жауапкершілік пен еңбек сүйгіштікті қалыптастыруға, көшбасшылық және ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытуға бағытталған баланың жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту.

Жоспар бойынша ұйымдастыру жұмыстары, отырыстары, «Жақсылық жасап жарыс» акциясы, «Кел, балалар оқылық!» атты тақырыпта интеллектуалды байқау, «Бірге оқимыз..» челенджі, «Күз кереметтері» көрме, «Қайырымдылық бастауы- береке мен бірлікте» бау-бақша дақылдарынан жәрмеңке, «Біз, жастар, ертеңгі елдің болашағымыз» жобасы аясында жиналыс, «Экологияны күту әр нақты адамнан басталады», «Мен сияқты жаса» челендж, «Адамзаттың ұлы ұстаздары» арналған мерекелік құттықтау, «Жүректен жүрекке» қайырымдылық акциясы өткізілген.

Оқу жылы ағымында сынып жетекшілердің құқық бұзушылықтың алдын алу және ата-аналармен жұмысты ұйымдастырудың тәсілдеріне басты назар аударылған. Тарих сабағында (5-11 сынып, 241 оқушы) «Адам құқығы», «Келеңсіздіктен сақтан, балақай!» (1-4 сынып, 128 оқушы), «Мен және менің құқығым» (5-8 сынып) тақырыбында өткізілген танымдық шаралар арқылы құқық және білім заңдары туралы танымын қалыптастырып, құқықтық мәдениетін қалыптастыруда күнделікті өмір ситуациялары талданған. Аталған үйірмелердің жоспары мен кестесі мектеп басшысымен бекітіліп жұмыстар жүргізілді.

Сабақтан тыс уақытта оқушылар, мектептен бөлек Аудандық Оқушылар үйі, Қорқыт Ата атындағы аудандық музыка мектебі мен спорт мектептеріне де қатысуда. Мысалы; Аудандық Оқушылар үйіне-6 оқушы, оның ішінде; ән-1, математика-1, робототехника-2, қолөнер-1, домбыра-1. Қорқыт Ата атындағы аудандық музыка мектебіне-14 оқушы қатысты. Сонымен қатар, Тұлпар стадионы мен спорт мектептеріндегі секцияларға, атап айтқанда; қазақша күреске-19 оқушы, грек-рим күресіне-7 оқушы, тенниске-1, боксқа-3 оқушы, таэквондоға-1,

2021-2022 оқу жылында құқық бұзушылықтың алдын алу бағытындағы іс-шара жоспары әзірленіп, бекітілген. Құқық бұзушылықтың алдын алу кеңес құрамы мектеп директорының бұйрығымен бекітілген. Құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінің жоспарына сәйкес, сынып жетекшілер мен ата-аналардың қатысуымен 8 отырыс өткізілген. Әр отырыста 37 мұғалім, 52 ата-анадан қатыстырылған.

Жоспарда:

- Қамқорлыққа алынған оқушылардың тұрмыс жағдайы;

-5-11 сынып оқушыларының аутодеструктивті көңіл-күйін анықтау үшін сауалнама нәтижелерінің талдауы;

-Қауіп-қатер аймағындағы отбасыларға (толық емес отбасылар, тұрмысы нашар отбасылар, баланы өгей әкесі, өгей шешесі тәрбиелеп отырған отбасылар, үшінші тұлғалардың қамқорлығында (қорғаншылық, патронат) рейдтік іс-шараларды талдауы;

-Кәмелетке толмаған балалар арасындағы құқық бұзушылық, қараусыздық пен панасыздық жағдайын зерттеу, І тоқсан бойынша әлеуметтік зерттеулерді ұйымдастыру жайлы;

-Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталған жұмыстар туралы ақпарат;

- Ата-аналардың балаларға қатысты құқыққа қарсы әрекеттері үшін жауапкершілігі т.б ағымдағы мәселелер қаралған.

Оқушылардың құқық бұзушылық пен қараусыз қалудың алдын алу мақсатында білім беру ұйымында әлеуметтік қауіпті жағдайда тұрған оқушылар мен отбасыларды зерттеу ұйымдастырылған.

Педагог-психолог, сынып жетекшілер және мектеп әкімшілігі балалармен және ата-аналармен жеке жұмыс жасауды іске асырған. Әлеуметтік жағдайы нашар отбасылармен және тәуекел топқа бейім отбасылардың үйлері араланып, сұхбаттар жүргізілген.

Полиция қызметінің өкілдерімен 16 кездесу, әр оқушымен 5 әңгімелесу өткізілген.

Рейд өткізу жұмысы мұғалімдер және ата-аналар қауымының өзара серіктестік етуіне, оқушыларды және отбасыларды анықтауға, педагогикалық қолдау көрсетуге, даулы ситуацияларды шешуге ықпал еткен.

Құқық бұзушылық жағдайдардың алдын алу мақсатында учаскелік инспекторы тәуекел топқа бейім оқушылармен түсіндіру жұмысын өткізіп, сынып жетекшілердің сұранысы бойынша сынып сағаттарында және жұмыс күнінің басында және аяғында кезекшілік етуге қатысқан.

Мектептегі психологиялық қызмет бойынша бекітілген жоспарға сәйкес психологиялық қызмет орталығының құжаттары дайындалып, бұйрықтар шығарылды. Психодиагностикалық әдістемелердің деректер банкі мен тізбесі жасалды.

2021-2022 оқу жылында «Адал ұрпақ» еріктілер клубының іс-шара жоспары құрылған. Патриоттық тәрбие беру, кез келген адамның құқығын, бостандығын және міндетін құрметтеу, жемқорлықты қабылдамау, шығармашылық қарым-қатынасты қалыптастыру үшін бейнероликтер, пікір алысу, сынып сағаттары, дебат ұйымдастырылып, отырған. «Парасатты азамат» бұрышы құрылған. Тоқсан сайын оқушылардың адамгершілігі мен құқықтық мәдениетін жоғарылатуға бағытталған шаралар ұйымдастырылған. Сенім телефонының үздіксіз жұмыс істеуі бақылауға алынған. «Сананды сақта, жас ұрпақ» аясында пікірталас, «Қазақстан - құқықтық мемлекет» айлығы аясында «Адал болу адамға не үшін қажет?» тәрбие сағаттары, «Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік – қауіпті көрініс» сынып сағаттары, «Мемлекеттік қызмет-құқықтық тәрбие» кездесу, «Адал және сатылмайтын еңбек бейнесі» сурет байқауы, «Жемқорлық құқық бұзушылықтардың картасы» жобалар байқауы, «Мемлекеттік қызмет – елдің мүддесіне адал еңбек» шығарма байқауы» өкізілген.

Сынып жетекшілерінің 2021-2022 оқу жылына арналған әдістемелік тақырыбы: «Мектепті жаңғырту жағдайындағы сынып жетекшісінің жұмысы».

Мақсаты - тәрбие үдерісіне жаңашыл бағытты енгізе отырып, оқушының азаматтық өзіндік санасын, жалпы мәдениетін, салауатты өмір салтын, өзін-өзі дамытуы мен өзін-өзі іске асыруын қалыптастыруы, оның тұлғалық өзін-өзі анықтауы, қоғамда табысты әлеуеттенуі мен бейімделуі үшін, оқушылардың шығармашылығын дамыту, бос уақытын мазмұнды ұйымдастыру үшін жағдай жасау.Сынып жетекшілердің әдістемелік бірлестік жұмысын жетілдіру арқылы сынып жетекшілердің кәсіби күзіреттілік деңгейі арттырылған.

Оқу жылы ағымында 4 сынып жетекшілік отырыс өткізілген. Сынып жетекшілердің алғашқы әдістемелік отырысында:

Жылдық кешенді тәрбие жоспарын, сынып жетекшілер отырысының жоспарын талқылап, бектіу (тамыз);

Сынып жетекшілердің міндеттері мен құжаттары, келісім-шарттары туралы;

Сынып жетекшілердің тәрбие жоспарына қойылатын талаптар қаралған

Сынып жетекшілердің екінші отырысында:

«Оқушылардың құқық бұзушылықтарының алдын алудағы сыныптағы іс-шаралардың маңызы (баяндама);

Әлеуметтік қамқорлықтағы балалармен жұмыста сынып жетекшілердің іс-әрекеттері туралы;
Тәрбие сағаттары мен сынып сағатын өткізу әдістемесі мәселелері қаралған.
Сынып жетекшілердің қаңтар айында өткізілген кезекті отырысында:
Тәрбие жұмысының шығармашылық есебі туралы;
Психологиялық қиын жағдайға тап болған оқушылармен сынып жетекшілердің іс-әрекеті;
Бірлескен жұмыс бойынша іс-шаралар өту қаралған.
Сынып жетекшілердің мамыр айында өткізілген кезекті отырысында:
Сынып жетекшілердің атқарған жұмыстарының жылдық есебі;
Жазғы каникул Кім қайда сауланамасы;
Оқушылардың жазғы қауіпсіздігі;

Мектеп бойынша «Қыз намысы» қыздар ұйымының жұмыс жоспары жасалынып, бекітілген. Мейірімділік пен қамқорлық қасиеттерін, ізеттіліктерін қалыптастырып, қыз бала алдында қоғамның, елдің, ұлттың болашағы және үлкен жауапкершіліктің тұрғандығын ұғындыру аясында мектеп медбикесі, тәлімгері, педагог-психолог, қыздар ұйымының жетекшісі А.Ержанова, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары бірлесе отырып, «Қыз тағдыр-ұлт тағдыры» тақырыбында қыздар жиналысы, Халықаралық қыздар күніне орай, «Анасына қарап қыз өсер» тренинг, «Қыздарға әсемдік жарасады» тәрбие сағаттары, «Инабатты қыз-ақылды қыз!» тақырыбында әңгіме, «Қыз бала гигиенасы және денсаулығы» тақырыбында дәріс, «Қызға қырық үйден тыйым» тақырыбында дәріс, «Ерте жүктіліктің алдын алу», «Қыз бала болашақ ана» тақырыптарында ерте жүктіліктің алдын алу бағытында қыздар ұйымымен дәріс ұдайы жүргізіліп отырған.

«Ер намысы» ұлдар ұйымының жұмыс жоспары әзірленіп, бекітілген. Жігіттің бойына өнер мен еңбекті, ізгі адамгершілік қасиеттерді қатар сіңіре отырып, ер балалардың үйірмеге қамтылуын қадағалау, ұлдар ұйымының жиналысы, учаскелік полиция қызметкері және жастар ұйымы төрағасымен кездесу, «Ер бала тәрбиесі –ертеңі сәтті отбасы» тақырыбында пікірталас, «Ер жігіт екі сөйлемейді» тәрбие сағаттары, «Ер бала қандай болу керек?» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілген.

2021 – 2022 оқу жылында мектептегі психологиялық қызметті ұйымдастыруда атқарылған жұмыстары

31 тамыз 2021 жыл №103 бұйрықтың 2 көшірмесіне сәйкес, Мектептегі психологиялық қызметтің лауазымдық міндет бекітіліп жоспар құрылды. Барлығы 737 оқушының ата – аналарынан жыл бойы жүргізілетін жұмыстарға келісім беретін туралы қолхаттар алынды.

Журналдар (сұраныс беру, кеңес беру, топтық және жеке кеңес беру, сараптамалық, ата-аналарға, мұғалімдерге кеңес беру) арналып, түптеліп, бекітілді. Психодиагностикалық тізбесі мен банкі мен тізбесі жасалды.

Жыл басында педагогикалық-психологиялық консилиум бұйрығы алынып, 9, 5- сынып және даму мүмкіндігі шектеулі оқушыларға жоспарлы консилиум өткізілді.

Жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтердің алдын алу және ұйымдастыру жұмыстарын күшейту туралы 31 тамыз №101 бұйрығы бекітілді. 7 – 11 сынып оқушыларынан аутодеструктивті мінез – құлықты барлығы 257 оқушы қатысты «Тағдыр сақшылары» құрылымы бойынша семинар өткізіліп, жалпы 63 мұғалім қатысты.

Қадағалауды қажет ететін оқушылар тізімін жинақтау, есепке алу (тәрбиеге қиындық келтіретін оқушы, әлеуметтік жағдайына байланысты, сұраныс негізінде ж.т.б.) жұмыстары жүргізілді.

«Өз балаңа үлгі бол» 1-11 сынып оқушыларының ата-аналарына арналған психологиялық көмек беру конференциясы кесте бойынша жүргізіліп, аудандық білім бөліміне есебі тапсырылды.

1- сыныпқа 75 оқушы қабылданды. 1-сыныпқа оқушыларды қабылдау жөнінде комиссия құрылып, баланың мектепке бейімделу деңгейін, даму динамикасын зерттеу мақсатында Керн-Йерасектің оқушының мектепте оқуға даярлығын анықтау әдістемесі, Р.С.Немова әдістемесі «Баланың қоршаған дүниені бағдарлай алуы және тұрмыстық білім қорын анықтау» жұмыстары алынып, нәтижесі шығарылды.

1-сынып оқушыларымен «Бірінші сыныпқа бейімделу керек», «Жүрек», «Мейірімділік», «Тыныштық» «Біз біргеміз» тақырыптарында психологиялық тренинг өткізілді.

2-сынып оқушыларымен «Бастауыш сынып оқушыларымен психологиялық ойындар», «Менің досым- мектеп портфелі», «Мектептегі көңіл- күй», «Бәрі менің қолымнан келеріне сенемін!»

тақырыптарында психологиялық тренинг өткізіліп, «Менің отбасым» проективті тесті, танымдық үдерістерді анықтауға арналған жұмыстар жүргізіліп («Баспалдақ», «Өрнекті жалғастыр», «Не артық?», «Есте сақта» әдістемелері) нәтижелері шығарылды.

3- сыныпқа «Кім боласың?» , «Кактус» проективті тесті алынды. «Мейірімділік», «Танымдық қабілетті арттыруға арналған ойындар», «Достық қарым- қатынас» тақырыптарында психологиялық тренинг өткізіліп, хаттамаланды.

4- сыныптар бойынша «Танымдық қабілетті арттыруға арналған ойындар», «Сенімділік күш береді», «Ізгілік қарым -қатынас» , «Зейін, ес қиял- өзгеше бір әлем», «Бәрі менің қолымнан келеріне сенемін!» тақырыптарында психологиялық тренинг өткізіліп, «Кім боласың?» , «Кактус» проективті тесті алынды.

5- сыныптарға орта буынға бейімделуіне байланысты психологиялық түзете-дамыту сабақтары «5- сынып дегеніміз не?», «Орта мектептегі жаңа оқушы» «Бірінші рет 5- сыныпқа», «Біз 5- сыныпқа үйрендік пе?», «Дос болайық бәріміз», «Татулық- достық кілті», «Өмір- ғажап», «Жүректен жылу таратқан» тақырыптарында психологиялық тренинг 67 оқушымен өткізілді. «Бастауыш сыныпта ерекше есімде қалғаны», «5- сыныпта менің көргім келеді...» еркін тақырыпта эссе жазылды. Ю.В. Валентиннің тұжырымдамасы бойынша «Мен...» сөйлемді аяқтау тапсырмасы орындалды.

«Кактус» графикалық әдістемесі алынды.

6- сыныптардан «Мен сені сүйем , өмір!», «Достығымыз жарасқан», «Менің білгім келеді...», «Менің көзқарасымдағы- менің сыныбым», «Татулық- достық кілті», «Қарым- қатынас қалыптастыру», «Өмір- қымбат» , «Мен өмірді қолдаймын», «Жүректен жылу таратқан» тақырыптарында психологиялық тренинг өткізіліп, Арт терапия элементтерін қолдану арқылы жұмыс жүргізілді.

7- сыныптан «Мен және менің әлеуметтік рөлдерім», «Қарым- қатынас және адамгершілік», «Бәрі менің бойымда», «Менің көзқарасымдағы- менің сыныбым», «Мен таңдаған өмір», «Табиғат көрінісі балалар көзімен», «Қауіпсіз интернет» тақырыптарында психологиялық тренинг өткізіліп, Арт терапия элементтерін қолдану арқылы жұмыс жүргізілді. «Кім боласың?» тақырыбында эссе жазылды.

8- сыныптан «Қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру», «Бәрі менің бойымда», «Дос іздеу», «Жеке адам және өзін –өзі тәрбиелеу», «Рухани байлығымыз», «Шынымды айтқанда», «Бәріміз- біргеміз» , «Менің өмірім тамаша» , «Қарым- қатынас және конфликт» тақырыптарында психологиялық тренинг өткізіліп, Арт терапия элементтерін қолдану арқылы жұмыс жүргізілді.

9- сыныппен қыркүйек айынан бастап сынып оқушыларына психологиялық сүйемелдеу мақсатында «Кікілжің қайдан шығады?», «Біз болашаққа сенеміз», «Өнеге отбасынан» (ата- анамен бірге), «Бәріміз біргеміз», «Мамандық таңдаудан қателесуге бола ма?», «Достық деген не?», «Отбасым- мақтанышым», «Мақсатыма жетемін» , «Өзіңе деген махаббат», «Мен- ақылды, батыл жас ұрпақпын!» тақырыптарында психологиялық тренингтер өткізілді.

Оқушылардың түрлі қызмет аясындағы негізгі қызығушылықтарды анықтау мақсатында А.Е.Голомшток әдістемесі бойынша сауалнама алынып, нәтижесі шығарылды.

10- сынып бойынша «Бәріміз біріміз үшін!», «Өмір, сен – кереметсің!», «Өмірге «иә» деп айт!», «Мен өзгенің көзімен», «Мамандық таңдауда қателесуге бола ма?», «Мақсат қоя білейік...», «Бәріне қамқормын...», «Мен...» «Мен- ақылды, батыл жас ұрпақпын!» , «Қауіпсіз интернет» тақырыптарында психологиялық тренингтер өткізіліп, Арт терапия элементтерін қолдану арқылы жұмыс жүргізілді.

11- сынып оқушыларымен қыркүйек айынан бастап ҰБТ-ға психологиялық дайындық сүйемелдеу жұмыстары жоспарлы түрде жүргізіліп отыр. «Бәріміз біріміз үшін», «Өмір, сен кереметсің!», «Өмір- қымбат», «Мамандық таңдауда қателесуге бола ма?», «ҰБТ-ға сенімді барайық!», «Шынымды айтқанда», «Досым- ақылшым», «Армандауға болмай ма?» «Өзіңе деген махаббат», «Сенімділік күш береді» , «Мамандық таңдаудың сыры неде?» , «ҰБТ-да уақытты үнемдейік!» тақырыптарында психологиялық тренингтер өткізіліп, Арт терапия элементтерін қолдану арқылы жұмыс жүргізілді. «Кактус» графикалық әдістемесі алынды.

9-11 сыныптардан «Сенің кәсіби ой- ниетің», Г.В. Резапкина, Л. Йовайши кәсіби бағыттылығын анықтауға арналған сауалнамалар алынды.

2021 – 2022 оқу жылы, денсаулығына байланысты үйден оқитын оқушылар тамыз айында Қазалы психологиялық- медициналық- педагогикалық кеңеске бара отырып, кеңес

қорытындысымен: Рахатов Фархат-8 сынып, Асылбекова Арайлым – 9 сынып, Раматулла Динара – 10 сынып үйден оқуын жалғастыруға шешім шығарылды. Оқу жылы басында үйден оқитын оқушыларға арнайы бұйрық алынды. Кесте бойынша сабақ кестесі бекітіліп, мұғалімдер бөлінді. Қажетті құжаттары жинақталды. Барлығы ата- ана келісімі бойынша жүргізілді.

Педагог- психолог ретінде ата- аналарымен тығыз байланыс бар, бақылау күнделігі арналған. Ата-ана тарапынан мұғалімдерге шағым жоқ. Мұғалімдер уақытылы сабақтары өтеді. 10 – қазан – Халықаралық психикалық Денсаулық күніне орай 11-15 қазан аралығында «Сиқырлы әлем» психологиялық апталық өткізілді, Апталық барысында педагог – психологтармен қатар сынып жетекшілер, арнайы мамандар, әлеуметтік педагог, мектеп тәлімгері, мектеп Парламенті белсенділік танытты.

Әр ай сайын арнайы оператор маманымен бірлесе отырып, әлеуметтік желідегі қауіп тудыратын ойындардың алдын алу және қауіпті топтарға тіркелмеу туралы қадағалап тексеріліп отыр.

Ақпан айынан бастап «PISA» халықаралық зерттеу жұмысына қатысатын оқушыларды сынаққа даярлау мақсатында жұмыс жоспары жасақталды. Сауалнама алынып, «Менің эмоциям мен сезімдер әлемім», «Өзіңді және уақытты басқару», «Бос уақыт қобдишасы», «Ең ақылды оқушы», «Мен таңдаған мамандық» тақырыбында әр апта сайын тренингтер жүргізілді. Жақсы көңіл күй көтеруге арналған кеңестер берілді, кинесологиялық жаттығулар жасалды.

Оқу жылының мамыр айында оқушылардың жазғы демалыс алдындағы психикалық саулығын анықтау мақсатында 7 – 11 сынып оқушыларынан «Менің ең жақсы күнім» және «Менің ең жаман күнім» тақырыбында эссе жұмысы алынды.

Көктемгі кешенді тест қорытындысы бойынша 7-8 сыныптармен «Ашу, мен ашуланғанда», «Сезімдер мен эмоциялар» тақырыбында тренингтері жүргізілді.

Қорытынды: Білім алушылардың Қазақстанның азаматы және патриоты ретінде жеке тұлғаны рухани-адамгершілік, азаматтық – патриоттық, көркемдік – эстетикалық, еңбексүйгіштік тұрғыдан қалыптастыруға баса назар аудара отырып, Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңіруге бағытталған сабақтан тыс әртүрлі формадағы тәрбиелік шаралар жоспарға сай өткізілген. Мектептегі психологиялық жұмыс қызметтің жылдық жұмыс жоспарында көрсетілген жұмыс жүйелі жүргізілген.

Бағалау нәтижесі: 2022-2023 оқу жылында тәрбие жұмысы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері шеңберінде іске асырылады, оның негізгі идеясы Абайдың «Толық адам» рухани мұрасында бейнеленген үйлесімді дамыған адамның ұлттық бейнесі болып танылады. «Толық адам» тұлғалық жеке қасиеттері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарында, Мемлекет басшысының «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» және «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» бағдарламалық мақалаларында және басқа да мемлекеттік тұжырымдамаларда айқындалған құндылықтар мен басымдықтарды жеке тұлғаны тәрбиелеудің бірегей жүйелік тәсілімен қамтамасыз ету үшін біріктіру.

2022-2023 оқу жылы жариялайтын іс-шараның жоғары идеялық-құндылықтық мазмұнын қамтамасыз ету мақсатында қажетті іс-қимылдарды үйлестіреді, мектептің қоғамдастығының қатысуын қамтамасыз етеді.

Мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлға тәрбиелеу, білім алушылардың академиялық білімін, негізгі біліктіліктері мен құзырлылықтарын қалыптастыруды, олардың оқуға деген ұмтылысын, оқу-танымдық әрекетке қызығушылығын арттыруды қамтамасыз ететін білім берудің мазмұнын, оқыту мен тәрбиелеудің заманауи әдістері мен технологияларын ендіру.

Бағыт: жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбиелеу

Тәрбие жұмысының негізін жалпыадамзаттық құндылықтар (*сенім, ақиқат, әсемдік, бостандық, қайырымдылық, жақсылық, махаббат, және т. б.*) және ұлттық құндылықтар – (*тәуелсіздік, патриотизм, толеранттылық, ана тілі, заңға бағынушылық, этникалық мәдениет, салт-дәстүр*) құрайды.

Тәрбиенің 8 басым бағыттары бойынша жүзеге асырылған іс-шаралар.

1. Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие;
2. Рухани-танымдық тәрбие;
3. Ұлттық тәрбие;

- 4.Отбасылық тәрбие;
- 5.Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие;
- 6.Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие;
- 7.Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу;
- 8.Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру

Қазіргі уақытта оқыту мен тәрбиелеудің бірлігі мемлекеттік жалпығаміндетті білім беру стандарттарының негізінде жатқан және күтілетін нәтижелердің көп деңгейлі жүйесінде байқалатын құндылыққа бағдарланған тәсілді іске асырылады. Сонымен бірге құндылыққа бағдарланған тәсілді іске асыруда педагог тәрбие мақсатын білім беру процесіне енгізуді қарастырады; рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасының элементтерін білім берудің барлық деңгейлеріндегі барлық оқу пәндері бойынша сабақтардың мазмұнына міндетті тәрбиелік компонент ретінде кіріктіреді деп болжайды.

Сыныптан тыс жұмыстар мен тәрбиелік іс-шараларды жоспарлау және ұйымдастыру кезінде 2022-2023 оқу жылында аталып өтілетін мерейтойлық күнтізбелік күндер.

1. Қаз дауысты Қазыбек бидің туғанына – 355 жыл;
2. Кенесары Қасымұлының туғанына – 220 жыл;
3. Ахмет Байтұрсынұлының туғанына – 150 жыл;
4. Дінмұхамед Қонаевтың туғанына – 110 жыл;
4. Мәншүк Мәметованың туғанына – 100 жыл;
5. Талған Бигелдиновтің туғанына – 100 жыл;
6. Шерхан Мұртазаның туғанына – 90 жыл;
7. Қазақстанның мемлекеттік рәміздеріне – 30 жыл;
8. Қазақстанның БҰҰ құрамына кіргеніне – 30 жыл;

9 Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің құрылғанына 30 жыл Білім алушылардың функционалдық сауаттылықтары мен әмбебап құзырлылықтарын қалыптастыруға қол жеткізетін бағыттардың бірі – құндылыққа негізделген оқыту мен тәрбие бағдарламасы (одан әрі – Бағдарлама).

Бағдарламаның шешуші идеясы оқу-тәрбие процесін білім алушыларды ұлттық құндылықтар негізіндегі жалпыадамгершілік құндылықтарға баулуға бағыттау.

2022-2023 оқу жылында құндылықтарға негізделген оқу-тәрбие бағдарламасын іске асыру шеңберінде төмендегі жобалар ұсынылады:

- ✓ «Оқуға құштар мектеп»;
- ✓ «Отбасы – орта мектеп»;
- ✓ «Еңбек – елдің мұраты»;
- ✓ «Ерте жастан бастап экологиялық мәдениет»
- ✓ «Психологиялық көмек көрсету және мектептің татуластыру қызметтерін ұйымдастыру»
- ✓ «Қоғамға қызмет»;
- ✓ «Мектеп өмірінің бір күні»;
- ✓ «Дебат» қозғалысы;
- ✓ Оқушылардың «Өзін-өзі басқару» ұйымдары;
- ✓ «Өзін-өзі басқару күні»

Оқу жылының әрбір аптасында өткізілетін 34 сынып сағатының тақырыптары ұсынылады. Жобалардың негізгі идеясы білім алушыларды ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу болып табылады.

Тәрбиенің мақсаттары мен тәрбие жұмысының міндеттері білім беру процесінде, сабақтан тыс және бос уақытта іске асырылады.

Тәрбие жұмысын іске асыру тиімділігінің өлшеуіші ретінде тұлғаның қоршаған әлемге, қандай да бір құндылықтарға және қоғамдық құбылыстарға қарым-қатынастардан байқалатын жұмыстар ұсынылған.

Тәрбиелік мәні – патриоттық сезімді ояту, саламатты өмір салтын насихаттау, ұлттық құндылықты оқушы бойына сіңіру, азаматтық, әлеуметтік жауапкершілікті дамыту, ұжымдық өмір нормаларына тәрбиелеу.

Мектеп қабырғасында оқушылардың танымдық қызығушылықтарын, интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту, тұлғалар арасындағы қарым-қатынас мәдениетін арттыруға және өзін-өзі дамытуға, өздігінен білім алуға ұмтылуға баулу жұмыстары үздіксіз жүргізіліп отырған.

Бірінші бағыт – Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие
Мақсаты: Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін; балалар мен жастардың құқықтық санасын, оларда балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру.

1. Бағалау критерийлері (қарым-қатынасы арқылы):
2. Отанға, мемлекеттік құрылысқа, мемлекеттік саясатқа, мемлекеттік идеологияға;
3. ҚР Конституциясы мен заңнамасына, мемлекеттік рәміздерге (елтаңба, гимн, ту), құқықтық тәртіпке;
4. Елдегі ұлтаралық және конфессияаралық келісімге, халықтар достығына;
5. Өз елінің экономикалық және әлеуметтік-мәдени даму саласындағы жетістіктеріне;
6. Басқа адамның құндылықтарына, құқықтары мен бостандығына;
7. Өз өлкесінің табиғатына, мәдени-тарихи өміріне;
8. Құқықтық білімге, заңдылық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүріс-тұрысына; Заң талаптарына, құқықтары мен міндеттеріне; Әлеуметтік құндылықтарға құрметпен қарау, мақтаныш сезім және жауапкершілік таныту.

Бірінші бағыт – Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие бойынша жылдық жоспар жоспарланған.

1 сыныпты «Кел, балалар, оқылық!» 2-11 сыныптарда «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық» тақырыбында республикалық сынып сағаты, ашық сабақ.«Менің мектептегі алғашқы күнім» тақырыбында 1 сынып оқушылары, «Менің жарқын жазғы оқиғаларым» тақырыбында 2-4 сынып оқушылары, «Менің ойларым, армандарым, үміттерім» тақырыбында 9-11-сынып оқушылары арасында бейнеролик түсіру.1-8 сынып оқушыларының қатысуымен (433 оқушы) аталған бағыт бойын 8 іс-шара, 7-9 сынып оқушыларының қатысуымен (193 оқушы) 12 жұмыс, 1-11 сынып оқушыларының қатысуымен (735 оқушы) 4 іс-шара ұйымдастырылған.

«Абайлаңыз ,балалар!» тақырыбында, «Жол тәртібін бұзбайық!» тақырыбында,«Отбасым - мақтанышым», «Отбасым - тірегім», «Отбасым - тірегім»"1-4 сыныптар, Отбасы күніне орай мерекелік құттықтаулар, "Менің бақытты жанұям" «Еңбек еткен- мұратқа жеткен» тақырыбында, «Еңбекке жастан, өнерге бастан» тақырыбында 11-сынып оқушыларына болашақ мамандығы туралы эссе жаздыру, «Еңбегімен ел таныр» тақырыбында жерлес ақын, жазушы Жетіскен Мәкенәліның жары ардагер анамызбен кездесу (5-7 сынып аралығында).Құқық бұзушылықтың алдын алу (Құқық бұзушылық және қылмыс нашақорлықтың алдын алу. Интернет қауіпсіздігі мен суицид зорлық зомбылықтың алдын алу). Құқық бұзушылықтың алдын алу (Құқық бұзушылық және қылмыс нашақорлықтың алдын алу. Интернет қауіпсіздігі мен суицид зорлық зомбылықтың алдын алу)Республика күніне орай «Қыран елім - Қазақстаным» диктант жазу жұмысы.25 қазан Республика күнін насихаттау, оқушылардың Отанға деген патриоттық сезімдерін ояту;

"Атамекен" Республикалық диктант жазу, Патриоттық өлеңдер жаттау , "Қазақстан - туған жерім, мақтанышым", "XXI ғасыр көшбасшысы" интеллектуалды сайыс, «Мен- Отанның ұланы» хор айтудан сайыс , "Қыран елім - Қазақстаным" тақырыбында бейне құттықтау, "Тәуелсіздік-тұғырым" атты сурет байқауы, "Заманауи ойыншықтардың өскелең ұрпаққа пайдасы мен зияны" атты пікірталас сайысы, "Мемлекеттік Рәміздер мақтанышым" тақырыбында челлендж, Республика күні қарсаңында мектеп ұстаздары мерекелік бейне құттықтау, «Қыран елім -Қазақстаным» патриоттық сурет салу акциясы,"Ұлы даланың ұлық мерекесі" атты эссе жазудан байқауы, "Қазақстан - тәуелсіздік төрінде" шебер қолдар көрмесі, «Патриотизм дауысы» Гимн орындау, «Егемен елдің еңсесі биік» қорытынды кеш жұмыстары жүргізілді.

Екінші бағыт – Рухани-танымдық тәрбие

Мақсаты:Адамгершілік бейне, адамгершілік сана-сезім; құндылықты сезімдер мен ізгілік қасиеттер, ар-ұят, намыс, парыз, сенім, жауапкершілік, жолдастық, мейірімділік, ұят, табандылық, қайырымдылық, ынтымақтастық, ұлттық келісім құндылығы, өзге халықтардың мәдениетін, салт-дәстүрін және тілін құрметтеу және дәріптеу құндылығы; өмірге деген этикалық жауапкершілік көзқарас қалыптастырады.

1. Бағалау критерийлері (қарым-қатынасы арқылы):
2. Мораль мен этиканың көпшілік мақұлдаған нормаларына;
3. Өзінің қасиетіне, арына және парызына;
4. Ішкі бостандығына және адамгершілік шешім қабылдауына;

5. Өзінің және өзге де халықтардың мәдениетіне, дәстүріне, әдет ғұрпына;
6. Діни құндылықтарға; ой, сөз және іс бірлігіне; өзінің мінез-құлқын жетілдіруге;
7. Ар-ұжданымен орындалған қылықтарға;
8. Түрлі мәдениет пен нанымның бірлігіне; адамдарға риясыз қызмет етуіне;
9. Өз ата-анасына, Отан, қоғам алдындағы парызына адамгершілік сезім білдіру.

Екінші бағыт – Рухани-адамгершілік тәрбие бағыты бойынша **13** жұмыс жоспарланған. 1-11 сынып оқушыларының қатысуымен «Кітап- досым, ақылшым» пікір-талас айдарымен «Достық – бірлік пен ынтымақ негізі», «Сенім алға жетелейді» өнеге сағаты, «Үлкенге құрмет, кішіге жол көрсет» сынып сағаты, «Отбасымен қосылып оқу», букросингтер, кітап көрмелері, кездесулер, кітап оқу сағаттары мектеп оқушылары оқуға міндетті 30 кітап жобасының мақсаты түсіндірілді. Балалардың өмірге құштарлығын арттыру бағытында «Қанатыңмен самғатшы, өнер, мені» тақырыбында қоғамдық ұйым өкілдерін қатысумен дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарымен, нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген рухани-адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру бағытында , «Ұлт көсемдерінің көрмесі», «Алаш зиялылардың мұрасы және Тәуелсіз Қазақстанның құндылықтары" "Алаш зиялылары және ұлт тілі" танымдық сабақ, Адалдық –ардың ісі» , «Адалдық дүкені-тәрбие мекені», Қоғамда сенім атмосферасын қалыптастыру және оқушылардың өздерін жақсы, адал адам ретінде тануға мүмкіндік беру. «Ұлылар айтқан-ұлы сөз» сынып сағаттары жүргізілді.

Үшінші бағыт – Ұлттық тәрбие бағыты бойынша 7 іс-шара жоспарланған

- «Бес тас», «Асық ату» ұлттық ойындар
- «Шуақ шашқан сәулелі күн-Қазақстан» эстафеталық сайыс
- «Инабатты қыз-ұлт болашағы»
- Қыз балалардың тәрбиесі, өзін-өзі мәдениетті ұстап қалыптастыру,
- «Бұрымды бикеш»,
- Ұзын шаштың қыз баласына ерекше сұлулық пен нәзіктік беретініне көз жеткізу, қазақ қызына тән мінез-құлықты дәріптеу,

«Ұлдың тәрбиесі-ұлт тәрбиесі» тақырыбында тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарлау, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу тұрғысында сабақтар, оқу пәндерінде, қосымша білім беруде, сабақтан тыс іс-әрекеттерде жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар кіріктірілген. «Рухани жаңғыру» жобасы аясында акциялар, қазақ халқының мәдениеті мен дәстүрлерін, Қазақстан тарихын білу бойынша сайыстар жүзеге асырылған.

Төртінші бағыт - Отбасы тәрбиесі бағыты бойынша жылдық тәрбие жоспарында 6 жұмыс жоспарланған. «Менің бақытты отбасым» «Отбасым - мақтанышым», тақырыбында Отбасы күні мерекесі ұйымдастырылды. Зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында арнайы сала мамандарымен кездесу өткізілді. «Құқық бұзушылықтың алдын алу(Құқық бұзушылық және қылмыспен нашақорлықтың алдын алу. Интернет қауіпсіздігі мен суицид зорлық зомбылықтың алдын алу)» «Отбасылық таланттар» 5-9 сынып байқауы «Ата-анамен өткізген бір күнім» бейне роликтер түсіру шаралары жүргізілді. " Ерте жүктіліктің алдын алу және түрлі жұқпалы аурулардан сақтану" (Жыныстық жолмен жұғатын түрлі аурулардан сақтану, жеке бастың тазалығын сақтау) түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Іс-шаралар барысында ата-аналар бала тәрбиесінде олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру, отбасылық іс-шаралар өткізілген. Жасөспірімдер мен бойжеткендердің жүріс-тұрыс мәдениеті туралы жастармен әңгімелер жүргізу, жоғары сынып оқушыларына түрлі қоғамдық тақырыптарда ашық аландар, ата-аналардың, ұстаздардың сақшы ретінде психологиялық-педагогикалық жаппай оқуы, фестивальдер, байқаулар, танымдық сағат арқылы жүзеге асырылған.

Бесінші бағыт – Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие. Аталған бағытта 9 маңызы бар іс-шаралар жоспарланған. «Туған елдің тазалығы», «Экология және біз», «Денсаулық –зор байлық», «Табиғат - адам баласының құтты қонысы », «Семей қасіреті» танымдық сабақ, 1-11

сыныптар.«Жануарлар әлемі» тақырыбындағы танымдық жұмыстары, 1-4 сынып арасында, «Еңбегі адал жасөрен»дөңгелек үстел, «Балалардың табиғатпен өзара байланысы» танымдық сабақ , «Экономика және оның қоғамдағы рөлі» тәрбие сағаты, «Еңбек түбі-береке» сайыстар 5-11 сынып оқушыларының кәсіби дағдыларын анықтауына, саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамытуға бағытталған.

Алтыншы бағыт - Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі. Бұл бағыт бойынша 8 жұмыс жоспарланған.

«Зерде», «Әлемнің ақпараттық бейнесі», «Кітап -білім бұлағы», «Ақпарат қауіпсіздік және ақпаратты қорғау», «Қауіпсіз интернет: оқушыларға интернетті дұрыс пайдалану, зияны мен пайдасы» танымдық сағаттары мен қазақ ақыны, әдебиеттанушы, ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсыновтың туғанына 150 жыл толуына орай, эссе байқауы, «Ұшқыр ой алаңы» т.б тақырыбындағы жұмыстар әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз еткен. Зияткерлік ойындар, байқаулар, тренингтер, викториналар, олимпиадалар, ғылыми-тақырыптық ақпараттық жобалар, шығармашылық жұмыстар жүзеге асырылған.

Жетінші бағыт - Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие бағыты бойынша 6 жұмыс жоспарланған.

Аталған бағытта жұмыстар жүзеге асырылған. «Дарындар әлемі», Қыз- әдептілігімен әдемі », Қыздар жиналысы, «Мектеп формасының сақталуы, қыз баланың тәртібі, үзілістер кезіндегі қозғалыстар, көпшілік ортада өзін ұстау мәдениеті» түсіндірме жұмыстары, Жаңа жылдық ертеңгіліктер, танымдық сағаттар, «Оқуға құштар мектеп» аясында жұмыстар ұйымдастырылып өткізілген. Мектепте білім беру кеңістігін тұлғаның өзін-өзі сәйкестендіруінің көпмәдениетті ортасы ретінде құру, тұлғаның қоғамдағы жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, оның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамытуға бағытталған.

Сегізінші бағыт - Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты бағыты бойынша 9 жұмыс жоспарланған.

Салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін:

- «Өмір , қымбатсың маған»
- «Сақтан, ЖҚТБ қатерінен»
- «Бастық байлық денсаулық –ұлт болашағы»
- «Біз темекіге қарсымыз!»
- «СПИД-тен сақ болайық»,
- "Тұмаудың алдын алу жолдары" 1-11 сынып түсіндірме жұмыстары
- «Есірткінің жасөспірімдер ағзасына зияндылығы»
- "Синтетикалық есірткінің таралуы және дәріханалық нашақорлық проблемалары
- Есірткінің жасөспірімдердің ағзасына зияндылығы туралы жеті түсіндіру, құқықтық салдары және оларды есірткі курьері ретінде тартудың тәсілдері.

Салауатты өмір салты дағдыларын табысты қалыптастыру, дене және психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтауды білу үшін кеңістік орнатуға бағытталған

- Бұқаралық спорт түрлерінен сайыстар ұйымдастырылған. Өткізілген әрбір іс-шара әлеуметтік желіде жарияланып отырған.

Мұғалімдер ұжымы оқушылардың өзін-өзі басқару жұмысына басты назар аударған. Өзін-өзі басқару ұжымы жоспары жасалып бекітілген. Жоспар бойынша ұйымдастыру жұмыстары, отырыстары өткізілген. 2023 жылы мектеп Парламенті Президенті жалпы мектепшілік сайлауда дауыс беру арқылы сайланған. Президенттікке үміткерлер 8-10 сынып оқушылары арасынан қатысуға 10 оқушы ниет білдірген. Нәтижесінде 71 пайыз дауыс жинаған 11Б сынып оқушы Шәдір Мерейхан жеңіске жеткен.

Мектеп Парламентінің негізгі мақсат-міндеттері төмендегідей: Өзін-өзі басқару ұйымы білім алушылардың білім беру ұйымымен бірлесіп басқаруға, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру, проблемаларын шешуіне мектеп әкімшілігінің таптырмас көмекшісі болған. Мектеп Парламентті сегіз фракциясының министрлері және сегіз түтерлерімен тікелей жұмыс жасаған. Парламент министрлеріне офлайн сайлау өткізіліп, 10 оқушы үміткер болып, 1 үміткер көп дауыс жинап, әр фракциясының министрлері болып бекітілген.

Оқушыларды табысты әлеуметтенуі және өзін-өзі тиімді жүзеге асыруы үшін жағдай жасау, сондай-ақ туындайтын мәселелерді білім алушылардың өз бетінше шешуі үшін мүмкіндіктер жасау.

Құқық және тәртіп комитетінің «Сыбайлас жемқорлыққа тосқауыл жолы» пікірталас, «Құқық туралы білесің бе?» сауалнама, «Тәуелсіз елдің көшпашысы» сынып сағаты,

Білім және ғылым комитетінің «Озаттар шеруі» «Дарын интеллектуалдық ойын», «Алғашқы ұстаз, алғашқы дана бабам», «Балаға ат қою дәстүрі» сахналық қойылым, «Рухани байлық- игілік көзі» рухани сағат, «Жұлдызым менің жоғары» 9-сыныптар арасында мамандық таңдауға дөңгелек үстел, «Сүйіспеншілік сағаты», «Ұлт анасы- Зейнеп Ахметова» өнеге сағат, «Алынбайтын асау жоқ» пікірталас алаңы, «Тазалық акциясы», «Құстаға ұя жасау», Әр үйден бір ағаш, «Тақырыптық вайн түсіру айдары», «Қыс қызығы» эстафеталық сайыс «Жақсылық жасап жарыс» челленджі ұйымдастырылған. Оқушылар Парламенті – мектептегі оқу тәрбиелік процестерді басқарудың жалпы жүйесі болып табылады және оқушылардың қоғамдық пікірлерін, олардың қызығушылықтары мен қажеттіліктерін зерттеу негізінде жасалған.

2020-2023 оқу жылдары өз деңгейінде аудандық, облыстық, республикалық іс-шаралаға белсенділікпен қатыстырылды. Аудандық сайыстарда жүлделермен марапатталған.

Мектепте оқушыларды қамту төмендегі бағыттар бойынша жүзеге асырылған:

-мектеп үйірмелері -17

-секциялар - 9

Мектеп оқушыларын қамту 2022-2023 оқу жылында барлық оқушылар санының 86% құрайды.

Оқу жылы ағымында сынып жетекшілердің құқық бұзушылықтың алдын алу және ата-аналармен жұмысты ұйымдастырудың тәсілдеріне басты назар аударылған. Құқық сабағында (9-11 сынып, 95 оқушы) «Адам құқығы», «Жол ережесін сақтайық, балақай!» (1-4 сынып, 343 оқушы), «Адам және мен құқығым» (5-8 сынып) тақырыбында өткізілген танымдық шаралар арқылы құқық және білім заңдары қалыптасып, құқықтық мәдениетін қалыптастыруда күнделікті өмір ситуациялары талданған.

2022-2023 оқу жылында құқықбұзушылықтың алдын алу бағытындағы іс-шара жоспары әзірленіп, бекітілген. Құқық бұзушылықтың алдын алу кеңес құрамы мектеп директорының 2022 жылдың 31 тамыз № 225 бұйрығымен бекітілген. Құқықбұзушылықтың алдын алу кеңесінің жоспарына сәйкес, сынып жетекшілер мен ата-аналардың қатысуымен 11 отырыс өткізілген. Әр отырыста 38 мұғалім, 107 ата-анадан қатыстырылған.

- қамқорлыққа алынған оқушылардың тұрмыс жағдайы;

-5-11 сынып оқушыларының аутодеструктивті көңіл-күйін анықтау үшін сауалнама нәтижелерінің талдауы;

- Қауіп-қатер аймағындағы отбасыларға (толық емес отбасылар, тұрмысы нашар отбасылар, баланы өгей әкесі, өгей шешесі тәрбиелеп отырған отбасылар, үшінші тұлғалардың қамқорлығында (қорғаншылық, патронат) рейдтік іс-шараларды талдауы;

-Кәмелетке толмаған балалар арасындағы құқық бұзушылық, қараусыздық пен панасыздық жағдайын зерттеу, әр тоқсан бойынша әлеуметтік зерттеулерді ұйымдастыру жайлы;

-Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталған жұмыстар туралы ақпарат;

- Ата-аналардың балаларға қатысты құқыққа қарсы әрекеттері үшін жауапкершілігі т.б ағымдағы мәселелер қаралған.

Оқушылардың құқық бұзушылық пен қараусыз қалудың алдын алу мақсатында білім беру ұйымында әлеуметтік қауіпті жағдайда тұрған оқушылар мен отбасыларды зерттеу ұйымдастырылған.

Педагог-психолог, әлеуметтік педагог сынып жетекшілер және мектеп әкімшілігі балалармен және ата-аналармен жеке жұмыс жасауды іске асырған. Әлеуметтік жағдайы нашар отбасылармен және тәуекел топқа бейім отбасылардың үйлері араланып, сұхбаттар, отбасын зерттеу жұмыстары жүргізілген.

Полиция қызметінің өкілдерімен кездесу ұйымдастырылып, әр оқушымен жеке әңгімелесу өткізілген.

Рейд өткізу жұмысы мұғалімдер және ата-аналар қауымының өзара серіктестік етуіне, оқушыларды және отбасыларды анықтауға, педагогикалық қолдау көрсетуге, даулы ситуацияларды шешуге ықпал еткен.

Физикалық және психологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін әр мектепте зорлық-зомбылықтың, буллингтің /кибербуллингтің алдын-алу және әрекет ету бойынша мынадай шаралар ұсынылады:

✓ барлық білім алушыларға, олардың ата-аналарына және мектеп қызметкерлеріне, соның ішінде әкімшілікке, мұғалімдерге және қызметкерлерге бағытталған жалпы мектептік тәсіл. Жүйелі алдын-алу жеке тұлғалардың немесе топтардың мінез-құлқына ғана назар аудармайды, бүкіл мектептің мәдениетін өзгертуді талап етеді.

✓ білім алушылар арасында оң қарым-қатынасты дамыту;

✓ педагог тарапынан білім алушыға қолдау білдіретін қарым қатынас;

✓ білім алушылардың ата-аналары үшін үлгілі ата-ана болуды насихаттау.

Құқық бұзушылық жағдайдардың алдын алу мақсатында учаскелік инспекторы тәуекел топқа бейім оқушылармен түсіндіру жұмысын өткізіп, сынып жетекшілердің сұранысы бойынша сынып сағаттарында және жұмыс күнінің басында және аяғында үнемі байланыс орнатылған.

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлар, әлеуметтік педагог, сынып жетекшілермен бірлесе отырып, 1-11 сынып оқушылары ата-аналарына жалпы жиналыс жасалып, «Кәмелеттік жасқа толмағандардың аутодеструктивті мінез-құлқының алдын алу» жұмыстарымен ата-аналарды ақпараттандыру жұмыстары жүргізілді.

Мектепте барлығы 37 сынып жетекшісі жұмыс атқарады, Оқу жылы ағымында 5 сынып жетекшілік отырыс өткізілген. Сынып жетекшілердің алғашқы әдістемелік отырысында:

Жылдық кешенді тәрбие жоспарын, сынып жетекшілер отырысының жоспарын талқылап, бекіту (тамыз);

Сынып жетекшілердің міндеттері мен құжаттары, келісім-шарттары туралы

Сынып жетекшілердің тәрбие жоспарына қойылатын талаптар қаралған.

Сынып жетекшілердің екінші отырысында:

«Мектептегі тәрбие жұмысын ұйымдастыруда сынып жетекшісінің рөлі» (коучинг);

«Өгей және толымсыз отбасы балалармен жұмыс» сынып жетекшілердің іс-әрекеттері туралы;

Тәрбие сағаттары мен сынып сағатын өткізу әдістемесі мәселелері қаралған.

- Сынып жетекшілердің қаңтар айында өткізілген кезекті отырысында:

Тәрбие жұмысының шығармашылық есебі туралы;

Сынып жетекшілердің наурыз айы отырысында:

- «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі» (баяндама)

Психологиялық қиын жағдайға тап болған оқушылармен сынып жетекшілердің іс-әрекеті;

Бірлескен жұмыс бойынша іс-шаралар өту қаралған.

Мектеп бойынша Қыз балалар тәрбиесіне байланысты мектеп директорының 31.08.2022 жылы (№5 бұйрық) бекітілген бұйрығы басшылыққа алынып, қыз балалар ұйымының жетекшісі ата-аналар комитетінің жетекшісі, ағылшын пәні мұғалімі А.Ержанова бекітілді. «Инабат» қыздар ұйымының жұмыс жоспары жасалынып, бекітілген. Мейірімділік пен қамқорлық қасиеттерін, ізеттіліктерін қалыптастырып, қыз бала алдында қоғамның, елдің, ұлттың болашағы және үлкен жауапкершіліктің тұрғандығын ұғындыру аясында мектеп медбикесі, тәлімгері, педагог-психолог, қыздар ұйымының жетекшісі, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары бірлесе отырып, 11 қазан Халықаралық қыздар күніне орай «Қыз бала-ұлттың ұяты, халықтың шырайы» тренинг, «Қызға қырық үйден тью» дөңгелек үстел, «Қыздар сұлу көрінер» дөңгелек үстел, «Өз-өзіңді қорғай біл» тренинг, «Ата-баба тәрбиесі-тәрбиенің қайнар көзі» дөңгелек үстел, 8 наурыз Халықаралық Әйелдер күні «Қыз өссе-елдің көркі» атты апталық, «Өнерлі қыз» байқауы, «Шебер қыз» көрмесі ұдайы жүргізіліп отырған.

«Намыс» ұлдар ұйымының жұмыс жоспары әзірленіп бекітілген. №4 бұйрық 31.08.2022 жыл, жетекшісі дене шынықтыру пәні мұғалімі Ж.Жарекенов. Жігіттің бойына өнер мен еңбекті, ізгі адамгершілік қасиеттерді қатар сіңіре отырып, ер балалардың үйірмеге қамтылуын қадағалау, ұлдар ұйымының жиналысы, учаскелік полиция

қызметкері және Жастар ұйымы төрағасымен кездесу, «Салауатты өмір салты» кабинет мамандарымен кездесу, «Жағымсыз әдет, мінез-құлық» тренинг, Жоғарғы сынып ер балаларымен «Жыныстық қатынас және жауапкершілік» тақырыбында пікірталасу, «Ұлдан-ұлағат, қыздан инабат» ер балалар тәрбиесіне байланысты сынып сағаттары, «Дені сау ұрпақ-ел болашағы» дөңгелек үстел, «Бүгінгі бала-ертеңгі әке» әкелермен сұхбат, «Жауынгер интернационалистермен» кездесу, «Адам деген атқа лайықты болайық» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілген.

2022 – 2023 оқу жылында мектептегі психологиялық қызметті ұйымдастыруда атқарылған жұмыстары

Психологиялық қызметтің жылдық жоспары, бұйрықтар шығарылып, лауазымдық міндеттер дайындалды. Оқушылардың психологиялық картасы жинақталды.

Мектеп бойынша 1 – 11 сынып ата-аналарының жыл бойы баламен жүргізілетін жұмыстарына келісімін алу мақсатында қолхат таратылып, жинақталды (психологиялық қызметтің жылдық жоспарға сай жұмыс жүргізуге қарсы болған ата-ана жоқ).

«Отбасы – мектеп» жобасы аясында психологиялық қызметтің ұйымдастыруымен баламен дұрыс қарым-қатынас жасауына ықпал ету, баланың даяралығын бағалау, бала тәрбиесінде жауапкершілікті арттыру мақсатында 1 және 5 сынып ата – аналармен «Отбасы – Отанымыздың ошағы» тақырыбында тренинг өткізілді. «Бірінші сынып оқушыларының мектепте оқуға бейімделуі», «5-сынып оқушыларының бейімделу ерекшеліктері», «Балалар үшін бірігейік» тақырыбында ата – аналарға жадынамалар таратылып, ақпараттандырылды.

"Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидалары туралы" және Ұлттық білім Академиясы ұсынған "Білім беру ұйымдарының білім алушылары арасындағы аутодеструктивті мінез - құлықтың алдын алу" бағдарламасы туралы мектеп әкімшілігі мен сынып жетекшілерге, мектеп мейіркешіне түсіндіру жұмысын жүргізді.

«Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың пән мұғалімдеріне әдістемелік көмек және психологиялық сүйемелдеу» тақырыбында ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға сабақ беретін пән мұғалімдерімен сынып жетекшілерімен кездесу өткізілді. Кездесу барысында мектеп директорының оқу-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары А. Күрлен мен педагог – психолог Г. Жарылқапова Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері» туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстырды.

5 – 11 сынып оқушылары арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алуға байланысты сынып жетекшілер бірлестік отырысында психологиялық кеңес берілді. Кеңес барысында сынып жетекшілерге сыныбында мінез-құлықта өзіне тән емес өзгеріс пайда болған оқушылар болса психологиялық қызметке хабарлама беру туралы айтылып, сонымен қатар, оқушылардың әлеуметтік желідегі парақшаларының үнемі бақылауда болуы туралы ескертілді.

«Бала тәрбиесіндегі ата-ананың ролі» тақырыбында өткізілген мектепшілік ата-аналар жиналысында мектептің психологиялық қызметі ата-аналарға «Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу жолдары» тақырыбында топтық кеңес жүргізіп, ақпарат берді. «Баланың психикалық тұрғыдан сау болуы, оның толыққанды сау болуының кепілі. Өз балаңыздың бойынан қандай да бір өзгеріс байқаған жағдайда және қандай өзгерістер пайда болатындығы» жайлы түсіндіріліп, осындай жағдай орын алса, мектептің психологиялық қызметіне хабарлама беру туралы ескертілді. Мектеп оқушыларының психикалық саулығын сақтау және нығайту жолында бірлесе жұмыс жасағанда ғана балалардың өмірінің қауіпсіздігін сақтауға болатындығы айтылды.

Сонымен қатар, отбасы тәрбиесінің құндылығын, бала тәрбиесіндегі ата-ананың алатын орнының ерекшелігін ұғындыру, ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту мақсатында «Ата – ана, балаңыздың қайда, кіммен жүргенін білесіз бе?» атты тренинг жүргізілді.

1-11 сынып ата-аналарына «Балалар үшін бірігейік» тақырыбында WhatsApp әлеуметтік желісі арқылы жадынама, кеңестер жіберілді. Сондай –ақ «Бірінші сынып оқушыларының ата-аналарына психологиялық қолдау көрсету жолдары» тақырыбында WhatsApp әлеуметтік желісінде жадынама таратылды. Психологиялық кеңеспен танысқан ата-аналар чатта кері байланыс берді.

5-сынып оқушыларын орта буынға бейімделу кезеңінде психологиялық дайындығын зерттеу мақсатында, «Менің сыныбым» әдістемесі, мектепке, оқуға деген қызығушылығын анықтау мақсатында «Оқу мотивациясын анықтау» сауалнамасы, қобалжуды анықтау мақсатында «Филлипс» сауалнамасы алынды. Әдістеме нәтижесі өңделіп, орта буынға бейімдеуге қолдау көрсету мақсатында 5-сынып оқушыларымен «Бесінші сынып дегеніміз не?» тренингі жүргізілді, және оқушылардың бойларындағы қабілетін аша білу, бір-бірімен жақсы қарым-қатынаста болуын қалыптастыру мақсатында «Менің қолымнан бәрі келеді» тақырыбында психологиялық тренингі өткізілді.

7 - 8 сынып оқушыларымен жанжал жағдайларында мінез— құлықтың сындарлы амалдарын дамыту, сенімділік тәжірибесін толықтыру, құрбыларымен зорлық-зомбылықсыз өзара сыйласымды қарым-қатынас жасауға дағдыландыру мақсатында «Пікірталас – жанжал емес» тренингі өткізілді.

«Жасөспірімнің психикалық саулығын бағалау» мақсатында 5-11 сынып оқушыларынан «Dass», «НСВ-10» әдістемесі алынып, 5-6 сыныптар бойынша НСВ -10, 7-11 сынып бойынша «Dass» шкаласы жүргізілді.

Педагогикалық кеңесте «Қиын өмірлік жағдайдағы балаларды психологиялық қолдау және сүйемелдеу» тақырыбында баяндама оқылды. Баяндама барысында мектептегі қиын өмірлік жағдайдағы балаларды психологиялық қолдау және сүйемелдеу туралы түсініктеме беріліп, мектеп қызметкерлеріне аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында «Өмір сақшысы» дәрісі түсіндірілді

11-сынып оқушыларына емтихан алдындағы оқушылардың қобалжу сезімін басып, бойына сенімділік беру мақсатында «Бәрі сенің қолыңда» тренингі жүргізілді. Оқушылармен сергіту сәті ретінде шаттық шеңберіне тұрып, «Кім» жаттығуы жүргізілді. Балалардың қорқыныштарын, үрейлерін басу мақсатында «Баспалдақ» жаттығуы, «Бәрі сенің қолыңда» жаттығуы жүргізіліп, тілек сандықшасына өз тілектері жазылған парақшалар салынды.

«Зорлық – зомбылықтың, аутодеструктивті мінез – құлықтың және құқықбұзушылықтың алдын алу» мақсатында атқарылған жұмыстары

1. «Кәмелетке толмаған балалар арасындағы зорлық – зомбылықтың, құқықбұзушылықтың алдын алу» мақсатында 2022 – 2023 оқу жылына арналған ДТЖО, педагог – психолог және әлеуметтік педагогтың бірлескен жұмыс жоспары жасақталып, бекітілді;
2. Мектеп әкімшілігінің басқаруымен «Қауіпсіз мектеп» аумағы ұйымдастырылды.
3. «Балалар үшін бірігейік!» ата – аналарды ақпараттандыру жүргізілді.
4. Оқушылардың психикалық саулығын бағалау шкаласы бойынша оқу жылында 2 рет (күзде, көктемде) аутодеструктивті мінез – құлықты анықтауға арналған сауалнамалар алынып, анықталған «тәуекел топ», «психологиялық қолдау тобы» оқушылары арнайы мамандарға жолданып, психокоррекциялық жұмыс жүргізілуде.
5. Бопсалау, қатігездіктің, құқықбұзушылықтың және зорлық зомбылықтың алдын алу мақсатында 5 – 11 сынып оқушылары арасында «Сіз өз құқығыңызды білесіз бе?» атты анонимді сауалнама жүргізіліп, интерпретациясы жасалынды.
6. 6 – 8 сынып оқушыларына «Буллинг, кибербуллинг туралы сөйлесейік» тақырыбында семинар – тренинг өтілді, психологиялық кеңестер берілді.
7. Бала еңбегін пайдалануды болдырмау мақсатында мектеп оқушыларының тойханаларда, кафелерде, көлік жуу орындарында, базарларда, жеке дүкендерде жұмыс жасауына жол бермеу және мектеп оқушыларының компьютерлік құмар ойындарға тәуелділігін, түрлі әлеуметтік желілерге әуестігін болдырмау үшін ата – аналарға «Түнгі қаладағы балалар» акциясы аясында рейдтер, профилактикалық шаралар ұйымдастырылғаны жайлы хабарлама жасалып, оқушы қауіпсіздігін жауапкершілікке алу жөнінде ата- аналардан қолхат алынды.
8. «Қолайсыз отбасы» балалары сынып жетекші, педагог – психолог пен әлеуметтік педагогтың қатаң бақылауында ұсталуда
9. Қиын жағдайда қалған балалар мен жасөспірімдерге қолдау және көмек көрсететін қызметтерді ұйымдастыру, жыныстық тәрбие мәселелері бойынша кеңес беретін орындармен байланысу мүмкіндіктері көрсетілетін парақшалары таратылды.
10. Зорлық – зомбылық пен қатігез қараудың қатері бар жайсыз, қиын жағдайда өмір сүретін отбасыларды жіті психопрофилактикалық бақылауға алу жүргізілуде

11. Зорлық – зомбылық, жыныстық қол сұғылмаушылық қылмыстарына қарсы зияндылығы туралы кәмелетке толмағандардың 8 – 11 сынып оқушыларына «Зорлық – зомбылықсыз әлемді қалай құруға болады?» тақырыбында ой бөлісіу, лекция, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.
13. Ата – аналар жиналысында 5 – 11 сынып ата – аналарына «Сыныпта буллинг пен кибербуллингті болдырмау мен алдын алуда ата-ананың рөлі» тақырыбындағы презентация арқылы түсіндіру жұмыстары жүргізілді.
14. Мектеп психологы мен мектеп әлеуметтік педагогтың бірлесе отырып, құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында Қазалы ауданының білім бөлімінің бас маманы Қ.Ерімбетовтің қатысуымен, жергілікті участкелік полиция мамандарымен жасөспірімдер қатысуымен оқушыларға кездесулер жасалды. Кездесу барысында құқық бұзушылық және қылмыстық деректері туралы айтылды. ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық кодексі баптарына шолу жасалды. Мектеп психологы Г. Жарылқапова интернет желісінің оқушыға кері әсері, буллинг, кибербуллинг, электронды темекі туралы түсініктеме берілді. Бұл кездесу мақсаты мектебіміздегі жалпы жасөспірімдер, соның арасында көп балалы отбасы, тұл жетім, толық емес отбасы, толымсыз отбасы балаларының құқық бұзушылықтың алдын алу, өз құқықтарын қорғай алу жөнінде хабарлама жасалды.
15. 7 – 11 сынып оқушыларына «Зорлық – зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбындағы презентация арқылы психопрофилактикалық түсіндірме – хабарлама жасалынды.

Қорытынды: Қазақстанның азаматы және патриоты ретінде жеке тұлғаны рухани-адамгершілік тұрғыдан қалыптастыруға баса назар аудара отырып, Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған тәрбиелік шаралар өткізілген. Мектеп психологының қызметі жылдық жұмыс жоспарына сай ұйымдастырылған.

Бағалау нәтижесі: 2023-2024 оқу жылы тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері: ата-ана өсиетін тыңдауға, отбасы мен берекесін қадірлеуге тәрбиелеу

Ұлттық мұраны қастарлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, отаншылдық мен ел бірлігін сақтауға тәрбиелеу. Оқушыларды жақсылыққа, абыройлы болуға, ар-ождан, намыс, жауапкершілікке қолқорлыққа, өз қасиеттерін жоғарғы ұстауға құқықтық мәдениетін қалыптастыру. Мемлекетіміздің табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Ұлттық мүдде құндылығы: Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу, оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу, ұлттық мұраға ұқыпты қарау, қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту, қоғам игілігі үшін қызмет ету, Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу, ұлттық мәдениетті дәріптеу.

Ар-ұят құндылығы: Академиялық адалдық қағидаларын қолдау, адал еңбекті құрметтеу, сөзіне берік, ісіне адал болу, халқына адал қызмет ету, әдеп нормаларын ұстану, шешім қылдай білу және жауапкершілікті сезіну, достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту, өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, отанның бір мүшесі екенін сезіну.

Талап құндылығы: Сыни және креативті ойлау, жеке және командамен жұмыс істей білу, білуге, жаңаны тануға құштар болу, физикалық белсенді болу, салауатты өмір салтын ұстану,

Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету, дұрыс қарым-қатынас орната білу, уақыт пен қаржыны тиімді пайдалану.

Тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда балалардың жасерекшеліктерін ескеру берілді.

6-10 жастағы бала тәрбиесі шаралардың мазмұны, форматы, көркемдік стилі, ұсынылу тәртібі қазіргі балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне, қызығушылықтарына, қабылдауына сәйкес болуы.

-қысқа және ұзақ мерзімді іске асырылатын тақырыптық жобаларды жоспарлау арқылы тәрбие жұмысының жүйелігін, бірізділігін, тұтастығын қамтамасыз ету;

-халықауыз әдебиетінің үлгілері, көркем шығармалар тәрбиелік шаралар мен жобалардың мазмұнын қамтамасыз ететін дерек көзі ретінде қолдану.

- бастауыш сынып білім алушыларының мінез-құлық әдеби мен өзін-өзі ұстауы мәдениетін қалыптастырудың құралдарының бірі ретінде-қазақ халқының мақал-мәтелдерін, тиым сөздерін қолдану;

-ұлттық ойындарды («Асықату»өткізу,Ханталапай,Арқантартыс, Алтыбақан, Айгөлек, Белдесу, Саққұлақ, Тымпи, Тоғызқұмалақ т.б.) баланың физикалық,зияткерлік тұрғыдан дамуына ықпал ететін құралдардың бірі ретінде қолдану арқылы оның қолданыс аясын кеңейту;

-әлеуметтік тәжірибелер арқылы адамдарға, жан-жануарларға қамқорлық және табиғатты қорғау аясында жасалған қайырымдылық -іс-шараларына тарту,олардыәлеуметтік желілерде насихаттауұсынылады.

Жасөспірімнің тәрбиесі (11-15)

-тәрбие шаралары мен жобаларының мазмұнын, форматын, көркемдік стилін, ұсынылу тәртібін анықтау жасөспірімдік кезеңдегі балалардың психологиялық ерекшелігін,қызығушылығын назарға алып,цифрлық технологиялардың жетістіктеріне ескеру.

-жас ерекшеліктеріне сай келетін классикалық көркем шығармалар мен көркем әдебиеттерді ұсыну;

-оқылған шығарма кейіпкерлерінің бойындағы адами қасиеттерімен жағымсыз әдеттерін талқылауға бағытталған кейісті жағдаяттарды шешуді ұсыну;

-еліміздегі тарихи орындарды,ескерткіштерге экскурсия жасау,ел мен жер тарихы туралы деректермен танысу, театрға, музейлерге, мұрағаттарға, практер мен қорықтарға бару, виртуалды саяхаттар жасау немесе/және цифрлықтехнологиялардың жетістіктерін қолданып таныстыру;

-ақын-жыраулар және ұлт зиялыларының, батырлардың, тарихи тұлғалар мен қоғам қайраткерлерінің өмір жолдарынмен, олардан мирас болып жеткен мұралармен таныстыру, деректі фильмдерді талдау;

-тарихи деректі фильм талдау;

-білім алушылардың мәдени және ұлттық мұраны насихаттау бойынша бастамаларына қолдау көрсету;

-табиғатты қорғау,адамның әрекеттерінен туындайтын апаттардың алдын алу бойынша жобалар әзірлеу;

-жобаларды жүзеге асыруға отбасын әлеуметтік әріптестікке тарту;

-«Гаджетсіз демалыс» күндерін ұйымдастыру, кітап оқу, спортпен шұғылдану, табиғат аясында серуендеу т.б шаралар ұйымдастыру ұсынылады;

Жастар тәрбиесі (15-16)

-жастар тәрбиесі ел мен жер тұтастығын,ел тәуелсіздігін қадірлеуге, ар-ұят намысын жоғарғы ұстауға, адал еңбек пен қызмет етуге, қоғам игілігі үшін азамттық белсенділік танытуға,

жауапкершілікті саналы түсінуге, салауаттық, зияткерлік танытуға, жауапкершілікті саналы

түсінуге, салауаттық,зияткерлік құндылықтарына негізделген тәрбиеге басымдық берілуі тиіс;

-ел болашағы үшін маңызды буын екендіктерін сезінуіне, отбасы алдындағы парызын,

Отан алдындағы борышын өтеуге белсенділігін арттыруға бағытталған әлеуметтік тәжірибелермен жобаларға жастарды тарту;

-ұлттың тарихи сана сезім жаңғыртудың маңыздылығы,тарихи төл шежіресін дәріптеуге айырықша мән бере отырып,халқымыздың ата-бабадан мирас болып қалған мұрасын

дәріптеу, ұлттың кодын сақтауда жастардың бойындағы рухты ояту, отаншылдықпен мемлекетшілдік сезімдерін арттыруға бағытталған шаралар ұйымдастыру;

-отбасы құндылықтарын дәріптеуге, отбасын құруға жауапкершілікті түсінуге бағытталған іс-шараларға тарту;

-адал еңбекті жоғары бағалауға, еңбек адамын құрметтеуге бағытталған іс-шараларға тарту, кәсіптік бағдарын, дұрыс анықтауға қолдау көрсету ұсынылады;

Бір тұтас кешенді тәрбие жоспарында педагогтың міндеті ұсынылды.

-балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғарғы имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;
-білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өзедігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттің дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға

Тамыз айында сынып жетекшілердің отырыс жасалып міндеттері айтылды.

1-11 сыныптар бойынша - 35 сынып жетекшісі

Сынып жетекшілер міндетті:

-салауатты өмір салтына ынталандыру, сыныпта достық ортаны, өзара түсінікті құру, білім алушылардың басқаларға деген жауапкершілігін, ұжымда жұмыс істей білуге баулау, ата-аналар жиналысын өткізу (педагогикалық консилиумдар, тренингтер, әңгімелер, ата-аналарға (басқа да заңды өкілдерге) арналған консультациялар), білім алушылардың оқу жетістіктері және ішкі тәртіп ережелерін сақтау мәселері бойынша ата-аналармен өзара әрекеттесу;

-аптасына бір рет (дүйсенбі) сынып сағатын өткізу;

1 қыркүйек – Білім күні салтанатты жиын өткізілді, 1-11 сыныптар аралығында Білім күнін және «Мектеп-мейірім мекені» тақырыбында бірыңғай сынып сағаты өткізілді. Білім көзін ашатын, балдырған шәкірттеріміздің асыға күткен алтын ұя мектеп табалдырығын аттағалы отырған 1-сынып бүлдіршіндері бұл мерекенің көркін келтірді. Қасиетті білім ордасының ұстаздарының биік дәрежеге жетуі ұстаз алдындағы оқушы арқылы танытатын болса мектеп жетістіктері айтылды.

Салтанатты шараға Аудандық мәслихат депутаты Нұрмағамбетова Эльмира Жалпақбайқызы, Қазалы аудандық полиция бөлімінің бастығы полиция подполковнигі Аңсатов Асылбай Шудабайұлы, Қазалы аудандық "Мансап" орталығының директоры Баймаханов Болатбек Құрманбайұлы қатысып, тарыдай болып шашылып, мектеп табалдырығын аттаған шәкірттерімізге ақ тілектерін білдірді.

1-11 сыныптар бойынша «Мектеп-мейірбандық мекені» республикалық челленджі жасалды. «Мектепке акция» жоспары жасалып директордың бұйрығымен бекітілді. «Мектеп-мейірбандық мекені» («Өзіңе және өзгеге жақсылық жаса» жобасы) аясында МАД, 1-4 сыныптарға демеушілер, жеке кәсіпкерлер, еріктілер есебінен 37 демеушілік жасалды.

5 қыркүйек - Қазақстан халқы тілдері күніне орай "Менің тандауым - қазақ тілі!" тақырыбында 5 А, Б, В, Г сынып оқушылары арасында көрме ұйымдастырылды.

Білім алушыларға Тілдер мерекесі күнінің 2017 жылдан бастап өзгергендігі туралы ақпараттар берілді. Тілдер мерекесі - Ахмет Байтұрсынұлының дүниеге келген күніне сәйкестендіріп таңдалып алынған. 1873 жылдың 5 қыркүйегі.

«Тоғыз айға тоғыз шара» жобасы бойынша 2023 жылдың 05 қыркүйек ✓ 17 санды хатына орай жоспары жасалған 9 іс-шара, 5 іс-шарасы өткізген. «Дене сергіту», «Әнұран айту», «Асық ату», Шығарма жазу», «Қазақ есебі» челленджі өткізілді. Шараға 1-11 сынып оқушылары, пән мұғалімдері белсене қатыстырылды.

Мектебімізде «Төрт тоқсанға-төрт өнер» Ұлттық мәдени-ағартушылық жобаның тұжырымдамасы жоспарлы, жүйелі жүргізілген.

Ерекшелігі көп ұлттылығында, әртүрлі өркениеттік және этномәдени типтердің өзара әрекеттесуінде, этносаياسي менталитетінде көрінеді. Жалпыадамзаттық рухани құндылықтарды – мейірімділікті, өзара сыйластықты, ұрпақтар сабақтастығын, қонақжайлылық пен төзімділікті

калыптастыруды нығайту – қазақ халқының менталитетін айқындайтын басты белгілер айқындалған.

Ұлттық құндылықтар – еліміздің орасан зор интеллектуалдық байлығы және жалпы адамзаттық құндылықтардың, халықтардың мәдени-адамгершілік дәстүрлерінің, ұлттық жасампаздық процесінің сарқылмас қоры.

«Төрт тоқсанға-төрт өнер» жобасы бойынша мектепшілік жоспары бойынша 14 іс -шара жасалған. «Ақындар айтысы», «Қазақ тілінің қазіргі жағдайы», «Жас өрендер», «Ұлттық киім», «Ұлы даланың ұлы есімдері», «Жаңа Қазақстанда ақындар айтысының дамуы», «Мәңгілік ел және ұлы дала құндылықтары», «Ақын болсам», Бес табан» ойыны, «Асық ойындары түрлері» бейне сабақ, «Қазақ халқының ұлттық ойыны», «Қазақ халқының ұлттық ойындары» көрмесі, «Алтын сақа» сурет салу жұмыстары ұйымдастырылған.

Ұрпақтар сабақтастығын дамыту, білім алушылардың ұлттық өнерге, халық шығармашылығына мемлекеттің, қоғамның, отбасының, тұлғаның мәдени игілігі ретінде құндылық қатынасын тәрбиелеу мақсатында Наурыз мерекесі аясында «Ұлттық өнер» көрмесі (тоқыма бұйымдарын жасау: гобелен, кесте, бисер, батик, киіз басу, патчворк пластикасы, ағашты, сүйекті, былғарыны көркемдік өңдеу: көлемді және жалпақ ою, ағашқа сурет салу, қайың қабығынан жасалған бұйымдар; инструкция (сүйек, металл, ағаш); металлды көркемдік өңдеу: зергерлік бұйымдар, шағын пішінді мүсін, монета, соғу, Ағаштан, тастан, саздан (қыш саз), сабаннан, ағаштан, тоқыма бұйымдарынан шағын нысанды мүсіндер жасау; ұлттық ою-өрнек элементтері бар халықтық киім үлгісін жасау; қағаздан бұйымдар жасау: оригами, аппликация, квиллинг, папье-маше; ұлттық бояуы бар интерьер дизайн жобасы: үйлер, бөлмелер, саяжайлар, ландшафт және т. б. Көрме бағдарламасы шығармашылыққа баулу атмосферасын қалыптастыратын іс-шараларды: халық шығармашылығы бұйымдарының қайырымдылық жәрмеңкелері, Қазақстанның мәдени мұрасы туралы кітаптар көрмесін, эсселер, шығармалар, поэтикалық шығармалар байқауын, қазақ халқының тұрмысы туралы экспозицияларды, өнер қайраткерлерімен кездесулерді, кино клубтар отырыстарын және т. б. өткізуді көздейді «Ұлттық өнер» көрмесі балалар мен ересектердің назарын қазақ халқының мәдени мұрасын сақтауға бағытталған.

Біртұтас тәрбие бағдарламасының «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтарға сәйкес, рухани дүниесі кең тұлғаны қалыптастыру, балалар мен жасөспірімдерді қазақстандық патриотизм рухани тәрбиелеу мақсатында «Жеткіншектің жеті жарғысы» 26.10.2023 ж мектеп директорының бұйрығымен бекітіліп жоспары жасалды. «Кітапқа жазылмаған тарих» «Бес нәрсеге асық бол», «Әлемді бағындырған жерлесіміз», «Тарих пен тіл», «Туған өлке ақындардың шығармалары», «Біз жемқорлыққа қарсымыз», «Сен және заң», «Мектептегі мінез-құлық ережелері», «Ізгілік бір ізі-алғыс айту», «Сөз қадірі -өз қадірің», «Қоқыстың қайта өңдеу процесі». «Жеңіс деген шат күлкісі баланың». "Туған өлке ақындарының шығармалары" тақырыбында сынып сағаты, Мектеп ДТІЖО, мектеп кітапханашылары, сынып жетекшілер бірлесе отырып жұмыстары жүргізілді.

Мектебімізде «Даналық мектебі» клубының қызметі білім беру ұйымының позитивті ата-ана мәдениетін қалыптастыру және дамыту жөніндегі жұмысы ұйымдастырылған.

«Даналық мектебі» клубы қызметінің мақсаты – аға буынның педагогикалық әлеуетін өзектендіру арқылы ата-аналардың позитивті мәдениетін дамытуға жәрдемдесу.

Клуб аясында қарастырылуы мүмкін этнопедагогика мәселелерінің мазмұнында белгілі бір бағытты қарастыруды ұсынады. Клуб секцияларына арналған іс-шаралардың үлгілік тақырыптары берілген. 8 шара жоспарланған:

«Ата өсиеті»:

- Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер
- Бабалар дәстүрі – ұрпаққа өсиет

«Әже даналығы»:

- Ертегі – танымның көзі
- Ырым-тыйым – әдептілік негізі

«Аға қаморлығы»:

- Ағасы бардың – жағасы бар
- Ер жігітке жарасар салауатты бейнесі

«Жеңге кеңесі»:

- Қыз ғұмырдың құпиялары
- Қыздар білуге тиіс...

Мектеп оқушылары арасында мектеп Парламентті өзін - өзі басқару ұйымының негізі ретінде Президенттік басқару жүйесі қалыптасқан. Бұл ұйымның негізгі қызметі балалардың білімге құштарлығын арттыру, өзін - өзі басқару жұмысына жетелеу, ұжымдық жауапкершілікті сезіне білуге қалыптастыру.

12.10.2023 жылы Өзін-өзі басқару ұйымының Президентіне 8-11 сынып аралығындағы оқушылардан 10 үміткер қатысып, дауыс беру іс шарасы ұйымдастырылды, 67 % жинаған 8 А сынып Самұрат Меруерт өзін-өзі басқару ұйымы сайланды.

Мектебімізде орта білім беру ұйымдарындағы балаларды тәрбиелеу мен дамыту жөніндегі ата-аналарға педагогикалық қолдау бойынша әдістемелік ұсынымдар ұйымдастырылды. 28.09.2023 жылы № 111 бұйрығымен бекітілген. Осыған орай, мектебімізде балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналарды немесе заңды өкілдерді педагогикалық қолдау бойынша әдістемелік ұсынымдар балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселесі бойынша мектептің ата-аналармен қарым-қатынасын күшейту, сондай-ақ берекелі отбасы мәдениетін дамыту мақсатында іс-шаралар ұйымдастырылып, әдістемелік қолдау көрсету жұмысы ұйымдастырылды. 1-4 сынып- 53 ата-ана, 5-9 сынып 66 ата-ана, 10-11 сынып 40 ата-аналар қатыстырылып, «Отбасы-бақыт бесігі», «Баланың бас ұстазы-ата-ана», Позитивті тәрбие,

«Ақыл айтпа, жол көрсет» «Боламын деген баланың бетін қақпа», «Көркем мінез –баға жетпес байлық», «Әрбір бала – жарық жұлдыз, «Балаға үйрету: ақылыңды мейірімге орап бер», «Сен жанбасаң лапылдап...» жұмыстары жүргізілді.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау бойынша ата-аналар жиналысы жасалып, түсіндірме жұмыстары өткізілді.

"Отбасы күніне" орай, "Мейірім" аналар мектебін қатыстыра отырып, "Отан - отбасынан басталады", Бақытты отбасы", "Айналайын, балам!" тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Ұйымдастырушы педагог Ж.Диханова, мектеп тәлімгері А.Жолдыбай. 1-сыныптар арасында «Жол белгілері», « Жолдағы қауіпті ескертетін белгілер» іс-шарасы өткізілді.

Мектебіміздің ұстаздары мен оқушыларының ұйымдастыруымен қарттар күніне орай **«Қарттарын қадірлеген ел ардақты»** акциясы аясында "1 қазан - Қарттар күні" мерекесі мен ұстаздардың кәсіби мерекесі қарсаңында мектеп ұжымы мектебімізден зейнетке шыққан ардагер ұстаздарды құттықтады. 2023 жыл 5 қазан «Ұстаздар күні» мектебімізде «Ұлы дала перзентімін» ұстаздар күніне қарай өзін өзі басқару күні, «Ұстаз! Сіздің алдыңызда», «Менің алғашқы ұстазым» «Ұстазым менің, Ұстазым» видео құттықтау 1-11 сыныптар арасында өткізілді.

Мектебімізде 01.09.2023 №83 «Құқық бұзушылықпен құқық бұзушылықпен, суицидтің және балалардың жыныстық қолсұғылмаушылығына қарсы қылмыстардың алдын алу және ұйымдастыру жұмыстарын күшейту» туралы бұйрығы, жоспары бекітіліп, кеңесі құрылды.

- "Қазалы ауданы бойынша білім беру ұйымдарында құқық бұзушылықтың алдын алуды түсіндірудің бірлескен жоспары" аясында кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылық және қылмыс, нашақорлықтың алдын алу, интернет қауіпсіздігі мен суицид, зорлық-зомбылық, ерте жүктіліктің алдын алу бағытында ақпараттық-танымдық біліммен қамтамасыз ету мақсатында Қазалы аудандық полиция бөлімінің Ювеналды полиция тобының аға инспекторы, полиция майоры Мархабат Бегалиеваның қатысуымен 8-11 сынып оқушыларымен кездесу ұйымдастырылды.

- Қазалы ауданы әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның төрағасы, аудан әкімінің орынбасары Дәурен Тілеумбетовтың төрағалығымен мектебімізде комиссияның көшпелі отырысы өтті.

- 3-сынып оқушыларына "Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" тақырыбында бейнефильм көрсетілді.

- Бастауыш сынып оқушыларының қатысуымен зорлық - зомбылықтың алдын алу мақсатында "Зорлық - зомбылықсыз балалық шақ" түсіндірме жұмыстары жүргізілді

Мақсаты: оқушыларға зорлық - зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның жаны мен тәніне үлкен зардап әкелетін соққы екенін түсіндіру, өздері жүрген орталарында мейірімді болуға, бұзақылықтан аулақ болуға шақыру;

- "Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" республикалық ақпараттық науқаны барысындағы бастауыш сынып оқушыларының "Зорлық-зомбылықсыз

балалық шақ" тақырыбындағы сурет көрмесі өткізілді.

-1 "Б"-сынып оқушыларына "Зорлық-зомбылықтың алдын алу" тақырыбында тәрбие сағаты өткізді.

-“Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ” атты 3 Б- сыныбында сурет көрмесі өткізілді.Оқушылар тақырыпқа сай суреттер салып белсене қатысты.

-2023 жылдың 20 қараша - Дүниежүзілік балаларды қорғау күніне орай құқық бұзушылық, буллинг, кибербуллингтің алдын алу бағытында 5-11 сынып оқушыларымен жиналыс өткізілді. Жиналыста мектептің педагог - психологі Г. Жарылқапова, МДТЖО Т. Жәрімбетов "Буллинг және кибербуллингтің алдын алу", республика, облыс, аудан бойынша балалар мен жасөспірімдер арасында орын алып отырған келеңсіз жағдайлар туралы хабарлама жасады. Сонымен қатар, "Буллинг дегеніміз не?", "Электронды темекінің зияны" туралы дайындалған бейнематериалдар көрсетілді.

-17 қараша күні 20 қараша -Дүниежүзілік балалар күніне орай "Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" науқаны аясында 5 "В" сынып оқушыларына сынып жетекшісі Ж.Диханова «Буллинг және Кибербуллингтің алдын алу"тақырыбында түсіндірме сағатын өткізілді.

- 2023 жылдың 20 қараша - Дүниежүзілік балаларды қорғау күніне орай құқық бұзушылық, буллинг, кибербуллингтің алдын алу бағытында 2 «А» сыныбына "Буллинг және кибербуллингтің алдын алу" тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

Мақсаты: Балалар мен жасөспірімдер арасында орын алып отырған келеңсіз дауларды айту, түсіндіру.

-2023 жылдың 20 қараша - Дүниежүзілік балаларды қорғау күніне орай құқық бұзушылық, буллинг, кибербуллингтің алдын алу бағытында 1-4 сынып оқушыларымен жиналыс өткізілді. Жиналыста мектептің педагог - психологі Қ.Мырзалиева, МДТЖО М. Шүкірәлиева "Буллинг және кибербуллингтің алдын алу", Балалар мен жасөспірімдер арасында орын алып отырған келеңсіз жағдайлар туралы хабарлама жасады. Сонымен қатар, "Буллинг дегеніміз не?"атты дайындалған бейнематериалдар көрсетілді.

5-11 сынып оқушыларымен Қазалы ауданы полиция бөлімі Жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің Ювеналды полиция тобының аға инспекторы, полиция майоры М.Бегалиевамен кездесу өткізілді.

2-4 сынып оқушылар арасында ДТЖО М. Шүкірәлиеваның ұйымдастыруымен «Құқық бұзушылықтың алдын алу» бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша жылдық жоспары бойынша жұмыстары жүргізілді. «Балалар кітапханасы», «Анасын тап», 1-сыныптарда ертегі оқу, «Ізгілікке қалам тартқан жас ғұмыр» Мұзафар Әлімбаев туралы 4- сыныптардың кітап оқу , «Жақұты барға жасын түспейді» 8-9 сыныптар арасында «Үздік оқырман» байқауы, 3-сыныптарда "Жемістер мен көкөністер" тәрбие сағаты , «Кім болам?» 4- сыныптарда тәрбие сағаты , «Үстел үсті театры» көрініс 5- сыныптар арасында , «Қазақ даласының ұлы тұлғалары» өнегелі сабақ, «Сүйікті кітабым» көрме, «Менің атым Қожа» 7-сыныптарда ашық әңгіме, «Кітапханаға саяхат» 1-сыныптар арасында, Мұхтар Мағауин «Бір атаның балалары» 8-сыныптар арасында әңгіме, «Қараш-қараш оқиғасы» 9-сыныптар арасында шығарма жазу , «Әдеби көркем шығармаларды насихаттау» Ы.Алтынсарин «Таза бұлақ» 6- сыныптарға әсерлі әңгіме, «ағайынды Гриммдер» ЕББҚЕ жұмыс, «Әке әңгімесі» ашық әңгіме, «Қамбар батыр» 5-сыныптарға кітап оқу, «Қажымұхан» Қ.Әбдіқадіров, «Гауһар тас» 8-сынып, «Мен оқыған бір кітап» кітап оқу, «Ақбілек» романы ұстаздармен жұмыс, М.Әуезов «Көксерек» 9 сынып ашық әңгіме, «Алан Маршалл «Мен шалшықтан секіріп аттай аламын» оқырмандар конференциясы, «Жабайы алма» ЕББҚЕ оқушымен жұмыс, «Қазақ ертегісі» 3-4 сыныптарға табиғат аясында кітап оқыту.

Әдеби өлкетану» жобасы аясында «Аранды қыр ақ самалы» 4 сынып әдеби сағат, Ә. Әлішев «Батыр болып тумайды», 10 сынып ашық әңгіме, Абдулла Сапар 45 жыл «Қазақ деген, ол-менмін» мәнерлеп оқу, Зейнулла Шыраев 80 жыл «Ақын елдің ардағы» танымдық сабақ, Рүстем Жанай- 80 жыл «Жанайқай» дауыстап оқу, Е.Көлдейбайұлына - 180 жыл «Ұлағат сөзім ұрпаққа» өлеңдер оқу, «Әли Есмәмбетов 110 жыл «Өз шағының жас жыршысы» , М.Құттықов 90 жыл «Арал аспаны» мәнерлеп оқу,Әйтеке би туғанына- 335 жыл «Шешендік сөздер»

2023 жыл 25 қазан «Республика күні» насихаттау, оқушылардың Отанға деген патриоттық

сезімдерін ояту , мектебімізде Республика күніне арналған іс-шара жұмыс жоспары жасалып бекітілді. 1-11 сыныптар арасында сынып сағаттар, суреттер көрмесі, патриоттық тәрбие сағаттар өткізілді.

-4-сыныптар арасында 25 қазан Республика күніне арналған "Менің Отаным- Қазақстан" тақырыбында тәрбие сағаты;

-Мен - Отанның бақытты ұланымын" тақырыбында 3- сынып оқушыларына тәрбие сағаты;

-25 қазан Республика күні мерекесі қарсаңында мектебіміздің , 2- сынып оқушыларына "Қазақстан -туған өлкем" тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді;

-1-сынып оқушыларына сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен "Қыран елім- Қазақстаным" тақырыбында ашық тәрбие сағаттары;

- "Менің Отаным -Қазақстан" тақырыбында 5 сынып оқушыларына сынып сағаты ;

2023 жыл 15 қараша Ұлттық валюта күніне орай мектебімізде 1-4 сынып, 5-11 сынып оқушылар арасында бірыңғай сынып сағаттары ұйымдастырылды .

Білім беру ұйымының жоспары негізінде Қызылорда облысымыздың 95 жылдығы толуына байланысты аудан көлемінде іс-шара жасалып, мектебімізде "Жасай бер, жайна, Қызылордам!" атты Қызылорда қаласының 205 жылдық іс-шара жоспары аясында, 5-6-7 сыныптардың қатысуымен "Күз ханшайымы-2023" байқауы ;

- 5-10 сынып оқушылары арасында "Алтын дән- 2023" дәнді дақылдардан жасалған қолөнер бұйымдары көрмесі ұйымдастырылды.

-Қазалы ауданы 95 жылдығына арналған "Сыр елінің сырлы жәдігерлері" тақырыбындаҚызылорда облыстық тарихи-өлкетану мұражайы қорындағы құнды жәдігерлермен саяхат 5-8 сынып (230 оқушы) қатыстырылды.

2023 жылдың 12 қыркүйек күні №07-03/395 санды хатына сәйкес, 2023 жылдың 11-25 қыркүйек күндері болатын "Менің жетістігім - менің нәтижем" тақырыбында өткізілетін іс-шара жоспарына сәйкес, көркем еңбек пәнінің мұғалімі Жайылхан Берекет "Еңбек – бәрінде жеңбек" тақырыбында ер балалармен қолөнер бұйымдарын жасап, оқушыларға ағаштан жасалатын бұйымдармен таныстырып, дәріс сабағын өткізді. - Еңбек күнін мерекелеу бойынша іс-шара жоспарына сәйкес, "Еңбек ерлікке бастайды" тақырыбында еңбек адамдарымен кездесуді педагог-ұйымдастырушы Ж.Диханова мен мектеп тәлімгері А.Жолдыбай ұйымдастырылды."Еңбегі адал- жас өрен" жобасы аясында - «Адал азамат-әділетті Қазақстан» сынып сағаты, «Әкеге –ізет, анаға-құрмет» өнеге сағаты, «Ұлы дала перзентімін» сынып сағаты, "Оян, ар мен адалдық!" 5-8 сынып оқушылары сынып сағаты,«Қалдықтарды табысқа

айналдырайық» 1-4 сынып оқушылар арасында , «Қалдық заттардан тұрмысқа қажетті заттар жасап, көрме өткізді.Мектебінде күзгі демалыс іс-шара жоспарына сәйкес «Адал ұрпақ-мәңгілік елдің кепілі» тақырыбында эссе жазу байқауы ұйымдастырылды.Ұлттық мектеп лигасы жобасы аясында «Тоғызқұмалақ-Day» 1-4 сыныптар арасында сайыс,«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» 6 - сыныптар арасында ұлттық ойын түрлері өткізілді. Дене шынықтыру пәні мұғалімі Н.Досанов «Ғаламтор қауіпсіздік» жобасы бойыншы «Отбасылық дәстүрлер» бейнеролик түсіру 4-сынып оқушылар арасында сырттай байқау, «Ата-анаммен өткізген бір күнім» бейне ролик түсіру 5-6 - сыныптар арасында өткізілді.2023 жыл 16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күніне орай іс-шара жоспары бекітілді.-«Тәуелсіздік – ел тұғыры» тақырыбында кітап көрмесі;4 «Б» сынып оқушыларының Тәуелсіздік күніне арнаған құттықтау өлеңдері,9 «А» сынып оқушылары «Құрып кетер мың түтін» және «Мен қазаққа қызмет етпей қоймаймын» атты өлең шумақтарын мәнерлеп оқу, "Көк тудың желбірегені" тақырыбында 1 сынып оқушылар арасында сурет көрмесі;- «Тәуелсіздік құндылығы-Ұлттық білім» тақырыбында тарих пәні бірлестігі ұйымдастыруымен дөңгелек үстел;-Тәуелсіздіктің 32 жылдығына арналған 1-11 сынып оқушыларының «Балалар құттықтауы» өлең шумақтары; 1-11 сыныптар арасында 1-4 сынып 288 оқушы , 5-7 сынып 157 оқушы,8-11 сынып 217 оқушы қатыстырылды.2023-2024 оқу жылында «Жасыл шырша жанында» 1-4 сыныптар арасында ертеңгіліктер өткізіліді. 5-7 сыныптар мен 8-11 сыныптарға жаңа жыл кеші ұйымдастырылды.

2023-2024 оқу жылы«Ұлы Даланың Ұлы тұлғалары» атаулы күндер бойынша

-Шығыс ғұламасы рухани тәлімгер,ақын,ойшыл,ғұлама Қожа Ахмет Ясауи -930 жыл танымдық сабақ;

-Қазақ халқының XX ғасырдың басындағы аса көрнекті ақын-жазушысы, ақыл-ойшысы,

демократ – ақын Сұлтанмахмұт Торайғыровтың өмірі мен шығармаларын таныстырып, 4 –сынып оқушыларын мәнерлеп оқу.

Көрнекті ақын, жазушы, тарихшы, философ, композитор - Шәкәрім Құдайбердіұлының 165 жылдығына өлеңдерін жатқа айту, 4 сынып оқушылары арасында;

-“Ұлт тілін ұлықтаған ұлылар” тақырыбындағы апталық аясында М. Жұмабаевтың 130 жылдығына арналған “Сәулесі мәңгі сөнбес жарық жұлдыз” әдеби-сазды кеш;

- «Ұлы тарих кемел келешекке жетелейді» 360 жыл деректі фильм;

- Жүсіпбек Аймауытов 130 жыл деректі фильмі;

Мектебіміздің 1-11 сынып оқушылар арасында өткізілді.

Мектеп бойынша Қыз балалар тәрбиесіне байланысты мектеп директорының 01.09.2023 жылы (№85 бұйрық) бекітілген бұйрығы басшылыққа алынып ,қыз балалар ұйымының жетекшісі ата-аналар комитетінің жетекшісі,ағылшын пәні мұғалімі А.Ержанова бекітілді.«Инабат» қыздар ұйымының жұмыс жоспары жасалынып, бекітілген. Мейірімділік пен қамқорлық қасиеттерін, ізеттіліктерін қалыптастырып, қыз бала алдында қоғамның, елдің, ұлттың болашағы және үлкен жауапкершіліктің тұрғандығын ұғындыру аясында мектеп медбикесі, тәлімгері, педагог-психолог, қыздар ұйымының жетекшісі, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары бірлесе отырып, «Қызға қырық үйден тию» өнегелі сабақ, «Қыз намысымен құнды» дөңгелек үстел, «Қызы бар үй құтты үй» танымдық сабақ жүргізілді.

«Намыс» ұлдар ұйымының жұмыс жоспары әзірленіп, бекітілген. №4 бұйрық 01.09.2023 (84 А бұйрығы) жетекшісі дене шынықтыру пәні мұғалісі Н.Досанов. Жігіттің бойына өнер мен еңбекті, ізгі адамгершілік қасиеттерді қатар сіңіре отырып, ер балалардың үйірмеге қамтылуын қадағалау, ұлдар ұйымының жиналысы, учаскелік полиция қызметкері және жастар ұйымы төрағасымен кездесу, «Жағымсыз әдет,мінез-құлық» тренинг, Жоғарғы сынып ер балаларымен «Ержігіт –ұлт қорғаны» дөңгелек үстел, «Намысты жігіттер» танымдық сабақ, « Ерім деген батырлар» өнегелі сабақ өткізілді.

2023 – 2024 оқу жылында мектептегі психологиялық қызметті ұйымдастыруда

атқарылған жұмыстары

Психологиялық қызметтің жылдық жоспары, бұйрықтар шығарылып, лауазымдық міндеттер дайындалды. Оқушылардың психологиялық картасы жинақталды.

Мектеп бойынша 1 – 11 сынып ата-аналарының жыл бойы баламен жүргізілетін жұмыстарына келісімін алу мақсатында қолхат таратылып, жинақталды (психологиялық қызметтің жылдық жоспарға сай жұмыс жүргізуге қарсы болған ата-ана жоқ).

6-09.2023ж. 1-сынып ата-аналары үшін «Балалар үшін бірігейік» тақырыбында ата-аналардың баламен жағымды қарым-қатынас орнатып, қолдау көрсетуіне ықпал ету,- аналарды ақпараттандыру (Жадынама тарату, 35 ата-ана)18.09.2023ж.«Жүрек жылуы»Бала тәрбиесі дамуындағы басты рөл атқарушы - отбасы. Сондықтан ата - ананың бала көңілін таба білуіне ой қозғау, өзін-өзі тануына бағыт беру, тәрбие жайлы пікір бөлісу, ата-аналарға балаға рухани тәрбие берудегі отбасының рөлі жайлы түсіндіру (5-7 сынып ата-аналары 23 ата – ана)22.09.2023ж. «Балалар үшін бірігейік»Ата-аналардың баламен жағымды қарым-қатынас орнатып, қолдау көрсетуіне ықпал ету,аналарды ақпараттандыру (Жадынама тарату. 5-11 сынып ата-аналары, 18 ата-ана)

18.10.2023ж. «ҰБТ дегеніміз не? және оның мен үшін маңыздылығы қандай?» Ең маңыздысы оқушылар өздері ҰБТ жайында ой қалыптастырғаны жөн. Сондықтан да «ҰБТ маған не бере алады?» деген тақырыпта ой түйіндеген жөн. ҰБТ мен үшін дәстүрлі формадағы емтихан және оның мен үшін маңыздылығы неде? (11 сынып, 15 оқушы)

01.11.2023 ж.«Балалар үшін бірігейік» пән мұғалімдерінің баламен жағымды қарым-қатынас орнатып, қолдау көрсетуіне ықпал ету,-аналарды ақпараттандыру (5- 11 сынып жетекшілері; пән мұғалімдері – 22 мұғалім)

08.11.2023ж. «Тағдыр сақшылары деген кім?» Кәмелетке толмағандар арасында аутодиструктивті мінез – құлық пен зорлық - зомбылықтың алдын алу бойынша мектеп қызметкерлерін ақпараттандыру (79 қызметкер, 109 ата-ана)

07- 9.11.2023ж. «Менің психологиялық денсаулығым», «Өз көңіл-күйіңе ықпал ет, оны жақсарт!» Жеткіншектердің психологиялық денсаулығын сақтау және нығайту. (7-8 сынып – 154 бала)

	20.11.2023ж «Сотсыз татуласу» Мектепте «Медиация кабинеті» ашылу жайлы, оның атқаратын қызметі жайлы ақпараттандырылды. (Мектеп басшылары, сынып жетекшілер, оқушылар) https://www.facebook.com/100023404395442/posts/pfbid02obT7TW7KqZUVs4ngvYP5pngF1Pio5GU66zqpzLXHNCcQCvYCz1UnsG4szUGTaQpCl/?app=fbl 21.11.2023ж Зорлық-зомбылықтың бала психологиясына әсерін түсіндіру. Буллинг, кибербуллинг жайлы ақпараттандыру. (9-11 сынып оқушылары 109 бала). https://www.facebook.com/share/p/oCjUHaLfFG5mdF69/?mibextid=qi2Omg 22.11.2023ж «Біз зорлық зомбылыққа қарсымыз!» тренинг. Зорлық-зомбылықтың бала психологиясына әсерін және алдын алу жайлы түсіндіру. Оқушылар арасында қарым - қатынасты жақсартуға арналған жаттығулар ойнатылды. (10 «А» сынып 11 оқушы). https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02zyQH6Af64clITsKTavJC4aZGzatENs9ZVB9DFiG5k8119MWAtCDpAwgi78jGUZWtl&id=100004099704663&sfnsn=mo&mibextid=RUBZ1f 23.11.2023ж «Буллинг және кибербуллингтің алдын алу» дүниежүзілік балаларды қорғау күніне орай құқық, бұзушылық, буллинг, кибербуллингтің алдын алу бағытында 1-4 сынып оқушыларымен жиналыс. https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0Xad1uyYgr1kGUgBL83DCb1sCh2qZuv8CPNjURigiEyvnxr9jbG6TrFRiMiHPypQLl&id=100023404395442&mibextid=Nif5oz 04-6.12.2023 ж Ата-аналар жиналысында «Отбасындағы зорлық-зомбылық: балаға қалай көмек беруге болады?» , «Сыныпта буллинг, кибербуллингті болдырмау мен алдын алудағы ата –ананың ролі » тақырыбында психологиялық кеңес берілді. (36 ата-ана). https://www.facebook.com/100009230628063/posts/pfbid0B2bJJ9hLAvCHoCuG8vrKawoCfrf8yAwHkKy8wY1dQgCSZdA8gWQMwQjyucrXKmeI/?d=w&mibextid=0cALme					
4	Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру (бағаланатын кезеңге қосымша сабақтар кестелерінің көшірмелері, сонымен қатар спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдар мен байқауларға қатысу нәтижелері қоса беріледі); Бағалау нәтижесі: 2021-2022 оқу жылында үйірме жұмысы арқылы оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыру мақсатында атқарылған жұмыстар туралы Оқушылардың өз білімі мен шығармашылық қабілеттерін жетілдірудің негізгі формасы – үйірме екені белгілі. Осыған орай, жыл басында оқушылардың өзі қызығатын пәні мен қызығушылық дағдыларын жетілдіру мақсатында мектебімізде сабақтан тыс уақытта пәндік және секциялық үйірмелер ұйымдастырылып, түрлі деңгейде жұмыстар жүргізілді. Атап айтқанда, оқушылардың сабақтан тыс уақытын тиімді пайдалану мақсатында пән мұғалімдерінің ұйымдастыруымен 17 пәндік үйірменің жоспары жасалып бекітілді. Үйірмеге қатысатын оқушылар саны- 250 (34%) Сонымен қатар, дене тәрбиесі пәнінен ақысыз негізде 8 спорттық үйірме (секция) ұйымдастырылып, оған 2-10 сынып оқушылары арасынан 165 (22%) бала қатысты. Аталған үйірмелердің жоспары мен кестесі мектеп басшысымен бекітіліп жұмыстар жүргізілуде. Сабақтан тыс уақытта оқушылар, мектептен бөлек Аудандық оқушылар үйі, Қорқыт Ата атындағы аудандық музыка мектебі мен спорт мектептеріне де қатысуда. Мысалы; Аудандық оқушылар үйіне-6 оқушы, оның ішінде; би- 4, домбыра-1,өлкетану-1 Қорқыт Ата атындағы аудандық музыка мектебіне-20 оқушы, домбыра үйірмесіне-12, би-1, Фортепиано-2, вокал-2, флейта-1, гитара-1, қобыз-1 оқушымыз қатысуда. Спорт мектептеріндегі секцияларға; 58оқушы, оның ішінде: Күрес-38, грек-рим күресіне-3, дзюдоға-3, бокс-5, таэквондо-1, волейболға-8, гандбол-1оқушы барлығы -59 оқушымыз қатысуда. Мектебімізде сабақтан тыс уақытта пәндік және секциялық үйірмелерге қатысатын оқушылар жалпы- 640 (86 %) құрады. Пәндер бойынша оқушылардың 2021-2022 оқу жылында үйірмелерге тартылуы туралы мәлімет <table><tr><td>р/с</td><td>Үйірме атауы</td><td>Сыныб</td><td>Қатысатын</td><td>Үйірме жетекшісі</td></tr></table>	р/с	Үйірме атауы	Сыныб	Қатысатын	Үйірме жетекшісі
р/с	Үйірме атауы	Сыныб	Қатысатын	Үйірме жетекшісі		

		ы	оқушы саны	
1	«Funny English»	5а,б	15	Ақнұр Зият
2	«Речевая копилка»	7а,б	15	Гаухар Жарылқасынова
3	Ұлттық қолөнер	5а,б,в	15	Р.Джумабаева
4	Жалпы жер тану	6а,г	15	Фарида Жакей
5	Экология және табиғатты қорғау	10а,б	15	К.Китабалиева
6	Қызықты математика	6б,7б	15	Бағдат Ибраимова
7	Логика	4а	15	С. Көпбай
8	Жас математик	3г	15	Ұлдай Әбсұлтан
9	Әдебиет әлемі	4а,б	15	Гүлжайна Махамбетова
10	Табиғатты қорғау	3а	15	Райкүл Әбілдаева
11	Кел сурет салайық! (Жас суретшілер)	5а,б,г	15	Берекет Жайылхан
12	Шебер қолдар	6,7,8	15	Гүлсім Қозбағарова
13	Жас тарихшылар	6в,г	15	Майра Шүкіралиева
14	«3Д» әлемі	8а,б	10	Жадыра Зайнагиева
15	Робототехника негіздері	9а,10б	15	Н.Бөлебаева
16	Теңдеулер мен теңсіздіктер және олардың жүйелері	11б	15	Ш. Бөлекбаева
17	Ұшқыр ой	8-9	15	Ж.Қарашова
	Барлығы		250	

Спорттық үйірмелер туралы мәлімет (2021-2022 оқу жылы)

№	Мектеп №	Жалпы оқушылар саны	Спорт үйірмелері мен шұғылданушылар саны:																			
			волейбол		баскетбол		футбол		Қол добы		Үстел теннисі		шахмат		дойбы		тоғыз құмалақ		Қазақ күресі		Ұлттық ойындар	
			Ү	ш	Ү	ш	Ү	ш	Ү	ш	Ү	ш	Ү	ш	Ү	ш	Ү	ш	Ү	ш	Ү	ш
1	170	735	2	50	2	50	2	50	2	50	1	50	1	30	1	30	1	30			1	50

														Спорт үйірмелері мен қатысушы оқушылардың жалпы саны	
КЖИ		гимнастика		Спорттық би		Президенттік көпсайыс		Жеңіл атлетика		Жекпе-жек түрлері		Ауыр атлетика			
Ү	Ш	Ү	Ш	Ү	Ш	Ү	Ш	Ү	Ш	Ү	Ш	Ү	Ш	үйірме	шұғылданушы
-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	13	390

Ескерту: ү- үйірме
ш- шұғылданушы

№ 170 орта мектебінде дене шынықтыру пәні бойынша оқушылардың 2021– 2022 оқу жылында спорттық үйірмелер кестесі
I - ауысым

№	Үйірме атауы	Үйірме жетекшісі	Апта күндері				
			Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
1	Баскетбол (ұл балалар)	Телеу Әділжан					
2	Волейбол (ұл балалар)	Бекділдә Нұрсұлтан			09 ⁵⁰ - 10 ³⁵	09 ⁵⁰ - 10 ³⁵	
3	Волейбол (қыз балалар)	Нағыметов Руслан			10 ³⁵ – 11 ²⁰	10 ³⁵ – 11 ²⁰	
4	Қол добы (ұл балалар)	Досанов Нұрсұлтан					
5	Қол добы (қыз балалар)	Рустемов Айбек					
6	Футбол (ұл балалар)	Кожанов Ғани		10 ³⁵ - 11 ²⁰	10 ³⁵ - 11 ²⁰	10 ³⁵ - 11 ²⁰	

II - ауысым

№	Үйірме атауы	Үйірме жетекшісі	Апта күндері				
			Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
1	Баскетбол (ұл балалар)	Телеу Әділжан	14 ⁰⁰ – 14 ⁴⁵		14 ⁰⁰ – 14 ⁴⁵		14 ⁵⁰ – 15 ³⁵
2	Волейбол (ұл балалар)	Бекділдә Нұрсұлтан	14 ⁵⁰ – 15 ³⁵				
3	Волейбол (қыз балалар)	Нағыметов Руслан					14 ⁵⁰ – 15 ³⁵
4	Қол добы (ұл балалар)	Досанов Нұрсұлтан	15 ⁴⁰ – 16 ²⁵			15 ⁴⁰ – 16 ²⁵	15 ⁴⁰ – 16 ²⁵
5	Қол добы (қыз балалар)	Рустемов Айбек	15 ⁴⁰ – 16 ²⁵	15 ⁴⁰ – 16 ²⁵		15 ⁴⁰ – 16 ²⁵	
6	Футбол (ұл балалар)	Кожанов Ғани					
7	Дойбы (қыз балалар)	Мықтыбай Мерей					
8	Асық ату (ұл балалар)	Жарекенов Жарас			15 ⁴⁰ – 16 ²⁵		

2021-2022 оқу жылында дене тәрбиесі пәнінен ақысыз үйірмелерге қатысатын оқушылар туралы

мәлімет				
P/c	Үйірме атауы	Сыныбы	Қатысатын оқушы саны	Үйірме жетекшілері
1	«Шахмат»	1 - 10	10	Нағыметов Руслан
2	«Дойбы»	6 - 11	15	Мықтыбай Мерей
3	«Үстел теннисі» (ер қыз)	5 - 11	15	Рустемов Айбек
4	«Тоғызқұмалақ»	2 - 9	15	Рустемов Айбек
5	«Волейбол» (ер)	5 - 11	15	Бекділдә Нұрсұлтан
6	«Волейбол» (қыз)	5 - 11	15	Нағыметов Руслан
7	«Кіші футбол» (ер)	4 - 9	15	Кожанов Ғани
8	«Кіші футбол» (қыз)	4 - 9	15	Кожанов Ғани
9	«Қол добы» (ер)	4 - 11	15	Досанов Нұрсұлтан
10	«Қол добы» (қыз)	5 - 11	15	Рустемов Айбек
11	«Ұлтық ойындар» Асық ату, бес асық	5 - 11	15	Жарекенов Жарас
12	«Баскетбол» (ер)	4 - 9	15	Телеу Әділжан
13	«Баскетбол» (қыз)	4 - 9	15	Қайрла Тұрар
	Барлығы		190	

М.Матаев атындағы № 170 орта мектебінде дене шынықтыру пәні бойынша оқушылардың 2021 – 2022 оқу жылында ақылы спорттық үйірмелерге таратылуы туралы мәлімет

P/c	Үйірме атауы	Сыныбы	Қатысатын оқушы саны	Ақылы үйірмелер	Үйірме жетекшілері
1	«Дойбы»	6 - 11	25	ақылы	Мықтыбай Мерей
2	«Волейбол» (ер)	5 - 11	25	ақылы	Бекділдә Нұрсұлтан
3	«Волейбол» (қыз)	5 - 11	25	ақылы	Нағыметов Руслан
4	«Кіші футбол» (ер)	4 - 9	25	ақылы	Кожанов Ғани
5	«Қол добы» (ер)	4 - 11	25	ақылы	Досанов Нұрсұлтан
6	«Қол добы» (қыз)	5 - 11	25	ақылы	Рустемов Айбек
7	«Ұлтық ойын», Асық ату	5 - 11	25	ақылы	Жарекенов Жарас
8	«Баскетбол» (ер)	4 - 9	25	ақылы	Телеу Әділжан
	Барлығы		200		

2022-2023 оқу жылында үйірме жұмысы арқылы оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыру мақсатында атқарылған жұмыстар туралы

Пәндер бойынша оқушылардың 2022-2023 оқу жылында үйірмелерге тартылуы туралы мәлімет
Мұстафа Матаев атындағы №170 орта мектеп жыл басында 816 оқушымен бастады. Оның ішінде 640 яғни 86% мектепшілік үйірмемен қамтылды. Атап айтқанда, оқушылардың сабақтан тыс уақытын тиімді пайдалану мақсатында пән мұғалімдерінің ұйымдастыруымен 17 пәндік үйірменің жоспары жасалып бекітілді. Үйірмеге қатысатын оқушылар саны- 250 (30%)

Сонымен қатар, дене тәрбиесі пәнінен ақысыз негізде 8 спорттық үйірме (секция) ұйымдастырылып, оған 2-10 сынып оқушылары арасынан 165 (20%) бала қатысты. Аталған үйірмелердің жоспары мен кестесі мектеп басшысымен бекітіліп жұмыстар жүргізілуде.

Сабақтан тыс уақытта оқушылар, мектептен бөлек Аудандық оқушылар үйі, аудандық мәдениет үйі, Қорқыт Ата атындағы аудандық музыка мектебі мен спорт мектептеріне де қатысуда. Мысалы; Аудандық оқушылар үйіне-7 оқушы, оның ішінде; би- 1, домбыра-1, өлкетану-1

Аудандық мәдениет үйіне-6 оқушы, би-5, Домбыра-1, Қорқыт Ата атындағы аудандық музыка мектебіне-17 оқушы, домбыра үйірмесіне-13, вокал-1, Баян-1, гитара-1, оқушымыз қатысуда.

Спорт мектептеріндегі секцияларға; 50 оқушы, оның ішінде: Грек- рим-12, Бокс -5, таэквондо-3, волейбол- 10, қазақша күрес-5, футбол -5, каратэ- 3, еркін күрес-7, Мектебімізде сабақтан тыс уақытта пәндік және секциялық үйірмелерге қатысатын оқушылар жалпы- 640 (86 %) құрады.

Мектеп оқушылар арасында жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын іске асыру мақсатында «Жалын» дебастық клубы құрылды. Жетекшісі Көшекпаева Жадыра

Облыстық және аудандық пікірталас сайыстары өткізіліп, оқушыларымыз біршама жетістіктерге қол жеткізді. Атап айтсақ жалпы білім беру ұйымдарының оқушылары арасында «Қазақстан –бақытты

балалар мекені» тақырыбында өткізілген аудандық дебат турнирінде «Дебаттық креатив» номинациясымен мектебіміздің оқушысы Толыбай Нұрай марапатталды
Жастар ресурстық орталығы «Jas Congressman» пікірсайысшылар клубының ұйымдастыруымен «Ұшқыр ой алаңы» тақырыбында өткізілген пікірсайыс турниріне белсене қатысқаны үшін оқушыларымыз Әбдібай Азамат және Ерқұлханұлы Әли алғыс хатпен марапатталды

р/с	Үйірме атауы	Пәні	Қатысатын оқушы саны	Үйірме жетекшісі
1	«Funny English»	Ағылшын тілі	15	Ақнұр Рысмамбетова
2	«Речевая копилка»	Орыс тілі	15	Мөлдір Баймаханова
3	Ұлттық қолөнер	Технология	15	Берекет Жайылхан
4	Жалпы жер тану	География	15	Фарида Жакей
5	Экология және табиғатты қорғау	Биология	15	Гүлдана Жеткерген
6	Қызықты математика	Математика	15	Бағдат Ибраймова
7	Логика	Математика	15	З. Нуранова
8	Жас математик	Математика	15	Г.Жалмағанбетова
9	Әдебиет әлемі	Әдебиет	15	Гүлжайна Махамбетова
10	Табиғатты қорғау	Дүниетану	15	Райкүл Әбілдаева
11	Кел сурет салайық! (Жас суретшілер)	Бейнелеу өнері	15	Айнұр Шыраева
12	Шебер қолдар	Технология	15	Роза Джумабаева
13	Жас тарихшылар	Тарих	15	Ғазиза Өтениязова
14	«3Д» әлемі	Информатика	10	Айжан Сәдірова
15	Робототехника негіздері	Информатика	15	Н.Бөлебаева
16	Теңдеулер мен теңсіздіктер және олардың жүйелері	Математика	15	Ш. Бөлекбаева
17	Ұшқыр ой	Қазақ тілі	15	Ж.Көшекпаева
	Барлығы		250	

Спорттық үйірмелер туралы мәлімет (2022-2023 оқу жылы)

№	Мектеп №	Жалпы оқушылар саны	Спорт үйірмелері мен шұғылданушылар саны:																			
			волейбол		баскетбол		футбол		Қол добы		Үстел теннисі		шахмат		дойбы		тоғыз құмалақ		Қазақ күресі		Ұлттық ойындар	
			Ү	ш	Ү	ш	Ү	ш	Ү	ш	Ү	ш	Ү	ш	Ү	ш	Ү	ш	Ү	ш	Ү	ш
1	170	816	2	50	2	50	2	50	2	50	1	50	1	30	1	30	1	30			1	50

														Спорт үйірмелері мен қатысушы оқушылардың жалпы саны	
КЖИ		гимнастика		Спорттық би		Президенттік көп сайыс		Жеңіл атлетика		Жекпе-жек түрлері		Ауыр атлетика			
